

Бір жерде келе жатып бөгеледі,
Өзі ақмақ нәллетті кім көреді?
Тоқсан нарда сабаны жарып тастап,
Бір қобыны қымыз қып жөнеледі.

Қарабай Сарыбаймен мерген екен,
Хан Қарабай ауылына келген екен.
Ханым айтты — Қарабай келіп кетті,
Сарыбай хан далада өлген екен.

— Алпыс басты ак орда тіккен үйін,
Бұрынғыдай болмайды менің күйім.
Мен тұсімнен шошыдым бүгінгі күн,
Енді анырма, отырма Тайлак биім!

Тайлак биі осы сөзді қош көреді,
Еліне жиылсын, деп хат береді.
Еліне кәдірменді бір би екен,
Дәл он бір сан халайық жұрт келеді.

Он сан халқын Тайлак би жиып алып,
Отырған әлеуметке ұн демейді.
Көнілі батыр Тайлак жазған хаттай,
Мәнісін жиылған көп таба алмайды.

Он екі жыршысы бар боп ханым,
Шырышқа шеру тартып жөнеледі.
Жәйіліп, бет-бетімен қарап жүрсе,
Бір адам өліп жатқан кез келеді.

Іздесіп алды-алдына жүрген шауып,
Өлді деп елі-жұрты қылған қауіп.
Бір жерде он бір кісі келе жатса
Бір адам өліп жатқан алды тауып.

Айрылып патшасынан болды зарлы,
Табамын деп барша халқы көніліне алды.
Сол кісінің ішінен бірге шыққан,
Коныр ала тай мінген тазша бар-ды.

Тазша айтады: «Ағалар, бәрін надан,
Жасымнан көріп едім бір талай жан.
Шыққыр көзім шықпаса, мен таныдым,
Осы жатқан өлігі Сарыбай хан».

— Құлақ кәрі, бой кіші, ақыл дана,
Ту жығылса, болмай ма қас масқара.
Жұрт иесі ханым жара қылып,
Үйелменіңмен өртепңір тазша бала!!!

— Ойласам, он бір аға бейілін тар,
Сендердің қылар қакпай мінезің бар.
Хат берген даулы жерге мөр басатын,
Қолында қызыл алтын жүзігі бар.

Көрген соң Сарыбайға жұрт жылайды,
Сол жерге тақат қылып тұра алмайды.
Серкесіз қойдай болып үйліғады,
Аяғын қадам басып журе алмайды.

Жиылышып сол араға бәрі келді,
Құба-Құлмақ сықылды іштен бүлді.*
Жалғыз-ақ ханым сонда естіген жок,
Батыр Тайлак болды да бәрі білді.

* Бұлді — құйзеушілікке түсті деген мағнада.

Қай адам ер Тайлаққа тен келеді,
Жылған сол араға көп ел еді...

— Естірмей қайтқанымыз лайық емес,
Ханымға жырлай-жырлай кім барады?..

— Тайлыға алыс емес көрінген жер,
Табан-шөнгел бимісің елімде бір.
Ханымға жырлай-жырлай мен барайын,
Ер Тайлак, қолынды жай, батанды бер!

Ер Тайлак тазшасына жарлық етті,
Тайымен қотыр ала тазша қетті.
Сейілде қырық кісімен ханым жүрсе,
Алдынан қара-қарсы кездей кепті.

— Ханым-ай, ак сұнқарым сені көрдім,
Біз ежелден хан-қарашы адам едік.
Мен шошыдым түсімнен бугінгі күн,
Хан ием жолыққалы сізге келдім.

— Аптығып қотыр таймен келесің тез,
Бұл жалғанда ақылсыз адамнан без.
Көп шатып, тантырактап, сөзді ұзайтпа,
Қанеки, шошығаның немене сөз?

— Жаратқан бәрімізді тәңрі күшті,
Бұл дүние ойлап тұрсам, енді екі-ұшты.
Мен түсімнен шошимын бугінгі түн,
Менің сәлдем басымнан жерге түсті.

— А, тазша, олай болса, мал сойғаның,
Құдайым дәриесіне сен тойғаның.
Сенің сәлден басынан жерге түссе:
Бес уақыт намазға бас қойғаның!

— Ойласам, бұл ханымның ақылы асты
Қарашың дәл сіздей ме, жаман састы.
Мен түсімнен шошимын бугін тағы,
Колымнан жібек баулы сұнқар қашты!!

— Мінезің, ойлап тұрсам, жаннан қылап,
Келдің бе қотыр таймен мені сынап.
Қолыннан жібек баулы сұнқар қашса,
Көрген де қоян аңнан шабыт сұрап!

— Қай адам Сарекеңдей ниетке жеткен,
Көп адам бізден бұрын өтіп кеткен.
Айрылдым қапияда сұнқарымнан,
Колымнан абайсызда ұшып кеткен.

— Мұндар таз, бір сұмдық бар тіл-жағында,
Сен келдің қотыр таймен бұл шағында.
Қолыңнан абайсызда ұшып кетсе,
Қара орнында болғаны, хан тағында.

— А, ханым, бір сөзіме жаңа жеттің,
Қай сөзінді бұзайын, мақұл деппін.
Мен түсімнен шошыдым тағы бугін,
Түсімде бір тұңғық суға кеттім.

— Құдайым енді саған дем береді,
Бойын салған базарға, жол көреді.
Жүруші ең әр нәрседен шолпы * тартып,
Тұлсіз тәнірім, дариядай мал береді.

* Шолпы тартып — мұқтаждық, жетіспегендік көріп деген мағнада.

— Ханым-ау, бұл ниетті ойға алайын,
Мәнісін тұра тартпай не қылайын.
Жандап-жандап сөз айтсам жуытпайсын,
Тұпа-тура найзамды тік салайын!..

— Мұндар таз, маған келдің қаның қашып,
Антурған сені түр ма қара басып.
Мен сенің қалжындаасар кісің емес,
Немене айттар сөзің найзаластып?!

— Аңға да кеткен Сарекем-ау,
Таңтеренгі салқында.
Мінсіз бір туған жан еді ай-ау.
Өнеге бойы қалпында,
Келімсек төре хан болып.
Балталының халқына
Әрісі толып малына-ай-ау,
Қазнасы толған алтынға,
Алла ісіне шара жоқ-ау,
Жетпесті құып алқынба!
Қайырлы ғұмыр берे көр-ау,
Қозы жанға артында.
Сізден де шығар адам жоқ,
Ойласаң ақыл тарпында.
Хан орнына хандық қыл,
Кеше билеп бір тұрған жарқында.
Ақыллас еді Сарекем,
Билетпес деп тартынба.

Ханымның сөзі:

— Өлді ме Сарыбай хан, жұртым көрсін,
Жыламан, патша — құдай иман берсін.
Ғаламнан хан Сарыбай өткен болса,
Еншалла тәуба, тәңірім артын берсін!..

Тазшаның сөзі:

— Ханым көрсөң жыларсын,
Сарекемнің дертине.
Сабырдан басқа айла жоқ,
Іштегі жанған дертице.
Көргеннен соң жыларсын,
Нәпсің қоймай еркіне.
Аулақ жерде ханым-ау,
Нәпсің тоқтат беркіне.
Сүйегіңе мін болар,
Жетпей кетсең сертіне.

Ханымның сөзі:

— Мұндар таз, жылайды деп көңліне алма,
Алып жүр сүйегіне енді алданба.
Өлген жан жылағанмен қайтып келмес,
Көңлінді босатқанмен пайда бар ма?!

Ханымға тазша естіртті жеке барып,
Жұрт сілтідей тынады хайран қалып.
Егіл-тегіл енірексен Сарыбайға,
Ханымды сүйегіне келген алып.

Өлгенін Сарыбайдың ханым көрді,
Ұргашыдан таппассың мұндағы ерді.
Адасып ақылынан аспай-саспай,
Еліне ақыл айтып, қайрат берді:

— Жылама, батыр Тайлақ, сен де өлерсің,
Алладан тағдыр келсе, жөнелерсің.

Өзі беріп, өзі алған арманы жоқ,
Мағшардан имандыма кез келерсін.

Жұртым-ай, бұл жылаған нетінді ғой,
Өлім шықса, тіріге болмай ма той?
Жылағанмен бір нәрсе табар болсан,
Жылап-жылап тірілтіп әкеле ғой!

— Тайлақ би, олай тұрма, сен бері жүр!
Ақылдастып Тайлақпен ойлайды бұл.
— Алып жүрмей осы жерге біз қоялық
Елге жібер, жабдық пен үй әкелдір!

Ел барып айтқанының бәрі келді,
Дайын болды жамағат көзі көрді.
Зиярат қылып, бір күмбез жасаймын деп,
Ел үйғарып сол жерге қояды енді.

Жиылған жаназаға қанша жанды,
Бәрін де сый-сипатпен жөнелтті енді
Ханым айтты: «Қайғысыз адам едім,
Бұл сықылды жалғанда жанды көрдім.

Ат шаптырып, ас берсөң ерік өзінде,
Билігін батыр Тайлақ, саған бердім».
Қай адам ер Тайлаққа тен келеді,
Жиылған жаназаға көп ел еді.

Мақтауын батыр Тайлақ алғаннан соң,
Халқына сауын айтып жөнеледі.
Тыңдандар мына сөзді, ей жарандар,
Құлақ салып тыңдасаң афзалдар.

Өтірік айтса, әқынның жаны шықсын,
Басқы аттың бес жүз жылқы бәйгісі бар.

Сый алды елі-жұрты құры қалмай,
Тайлактың кеткен жан жоқ тілін алмай.
Он бір сан халайықтың бәрі келді,
Айтқан күні жиылып бірі қалмай.

Тайлақ айтты:

«Жамағат ой ойланызы,
Тентек пенен тебізді бір қойманызы.
Даусыз болып, аттарың анық келсін,
Әр үрудан бір кісі ат айданызы.

Алданың ақ ісіне мойын бұрсын,
Ала-құла болғанды құдай ұрсын!..
Құр еңістен ат айдал жіберіндер,
Ақ кезеңнің үстінде көмбе тұрсын».

Байлығын Сарыбайдың халқы көрді,
Атын айдал алысқа жіберді енді.
Бес жүз аттың алдынан бір шақырым,
Өз үйінің тел қызыл аты келді.

Ешбір жаман бұзықтық, жанжал шықпай,
Жиынын тыныш қылып жөнелтті енді.
Ел-жұрты құрмет қылды ханның үйін,
Фарып-қасер, жетімге болды тойын.

Тайлақ айтқан сөзінен жан шықпайды,
Тып-тыныш бол тарады осы жыны...
Мінезі Қарабайдың жаннан өтті,
Уағыдасты құда болған жұртқа жетті.

Тайлак биге айтады ханым тұрып:

— Сонымен кел сөйлесіп, құдалыкты.
— Ханым-ау, Карабайың құрып қалсын,
Келуге жарамаған құдай алсын.

Мен барсам, тек келмеймін сол итінмен,
Жалғыз ұлым сол Танас балам барсын.
Тайлактың сөзін ханым макұл етті,
Осы сөз рас болып халыққа жетті.

Қасына он бір жігіт ертіп алып,
Ер Танас Қарабайға жүріп кетті.
Жүр еді хан Қарекен жалғыз өзі,
Танастың Қарабайға келген кезі.

Қарекенің алдынан қарсы келіп,
Жолығып ер Танастың айтқан сөзі:
— Қареке-ау, хан болыпсыз сізді көрдік,
Жасы ұлken, бай екенсіз, сәлем бердік.

Кешегі Сарекемнің заманында,
Қайғысыз, уақиғасыз жүруші едік.
Сарекем дүние салып кеткеннен сон,
Біз биыл құдіретпен не көрmedік?

Жіберді құдағыың, құрбың — Тайлак,
Алдыңа бір сәлемді алып келдік.
Қандай жауап бересіз хан Қарекем,
Сөйлескелі бай-еке-ау, келіп едік.

— Былшылдама, сөзіңе тіпті ермеймін,
Ұмыт болған сөзді мен жөн көрмеймін.
Сен он екің к... қыс, үйіңе қайт...
Жетім ұлға құда бол, қыз бермеймін!...

— Қареке-ау, ақылменен арбайсыз ба,
Жаратқан бір тәңіріні алдайсыз ба?
Не айтып ақыреттік құда болдың,
Тегінде қияметке бармайсыз ба?
Құдаңмен тәңірі алдында беттестірсе,
Сол жерде қара жүзді болмайсыз ба?

— Мына сөзге мен тұрмын қайран қалып,
Қалың малын қойып ем қашан алып?..
Сен он екің, былшылдап сөйлей берсөң,
Бәрінің де кетермін басың жарып.

— Орын бар ма дүние үшін дінім сатар,
Бізге аударар күнәң жоқ, атын атар.
Бұл мінезден қайтпасан, шал Қареке,
Осы тәнің дозақтың дәмін татар!
Бетін топырақ басты деп, жалған айтсан,
Жаһаннам деген дозақта жанып жатар.

— Қеліпсің сөйлескелі өңшең кедей,
Қайтсаншы, жаның олжа, бірің өлмей.
Кой десем де, қоймайсың сен он екің,
Тым болмаса қайтпассың таяқ жемей.

— Қареке-ау, жаман сөзді айтпа бекер,
Бұл мінезің өзінді әуре етер.
Осы арада қыз бермей сен тұрмассын,—
Қашып жүріп бір талай күнің өтер!
Менің әкем естісе тек қоймайды,
Өзінді байлан қойып қорлық етер.
Тым болмаса сұрашы қалың малды,
Сарыбайдың малы бар саған жетер!..

Көрмессің Қарабайдай бейілі тарды,
Жылқыдан Бақа айғырды мініп алды.

Сегіз өрме, бұзау тіс қамшысы бар,—
Бәрінің тарсылдатып, басын жарды.

Ойлашы Қарабайдың қайраты мол;
Әз ақылы өзіне болады жол.
Бір тау тесіп мойнымызға ілсе-дағы,
Он бір аға үндемей қайтарлық жол!..

Ұрыспай ол он бірі журе берді,
Мінезін Қарабайдың көзі көрді.
«Ұрыссак ханым бізге өкпелер» деп,
Жардырып ап бастарын қайтып келді.

— Барсын деп ханым бізге қылды жарлық,
Мен көрмеген жан едім қорлық-зорлық.
Мінезін Қарабайдың көре тұра-ак,
Шіркін нәлет құдана кеше бардық.
Біз сіздің тілің сыйлап барамыз деп,
Қызыл тақия сый-сипат киіп алдық...

— Ол кетер, бұл араны қылмас мекен,
Сол нәлет бір жолата кетсе-ақ екен.
Жалғыз-ақ бір тілегім Қозы ер жетсе,
Бір адам бұны сөз ғып айтпаса екен.

Жұртына батыр Тайлақ қайту қылды,
Не қылсын Қарабайдай кәпір сүмды.
Ешбір адам аузына алмаған соң,
Аты өшкірдің аты өшіп ұмытылды.

Ал енді мына сөзді тербетелік,
Ерігіп айтпақ болдық біз не етелік.

Ханым мен Қозы Қөрпеш жата тұрсын,
Ауғызып Қарабайды алып кетелік.

— Ойбай, қатын қайдасың, бері келші,
Құдай қосқан қосағым, мені деші.
Аулынан Сарыбайдың мазам кетті,
Кел, ауамын, үйімді жығып берші!

— Байғұс-ау, қандай адам серттен таяр,
Біліп пе едің тайғанды құдай аяр.
Тоқсан мынды бұл жерден тентіретіп,
Қайда барсан, осындей орын даяр?

— Бұған ермен өзгене ерсем-дағы,
Кәрі басым қоршылық көрсем-дағы.
Балталымен қоныстас бола алмаймын,
Тоқсан мынды бір жауға берсем-дағы.

— Кайтейін мінезінді шайтан бұзған,
Кісі едің сайтан бұзған, құдай үрған.
Бұл басымды келдемнен * кессен-дағы,
Бір отырған орнынан өлсем тұрман!

Белгілі, ерімейді іштің мұзы,
Өтпейді қатынына айтқан сөзі.
Үйді жығып, артуды білмей тұрса,
Ойына түсті Ай, Таңсық екі қызы.

Айтады қыздарына келіп майда,
— Ай, Таңсық менің екі қызым қайда?

* Келде — өзбекше «кәллә», «бас». Бірақ мына жырда ақын келде — кеуде мағнасында қолданған.

Қақпас шешен тілімді тіпті алмайды,
Бір пайдаңды тигізші осындаиды...

Сөзинен ызындаған қыздар енді,
Амалсыз шақырған соң келіп еді;
Жылап жүріп үйнің бауын шешіп,
Талқан қып, тоқсан нарға артып берді.

— Шырағым, екі қызы мені көрші,
Мынау кәрі ит атаңың ісін көрші!
Құдай косқан жарынан тірі айрылған,
Алдыма сүм Баянды алып берші!..

— Қайран балам, кімдерге күң боларсың!
Қайран малым кімдерге жем боларсың!
Обалдарың әкенді жібермесін,
Үш сорлым қандай жерде кем боларсың?!

Карабай тоқсан мыңмен өрге салды,
Жылқыдан ақ қайынды мініп алды.
Жетелеп Бақа айғырды жөнелгенде,
Жұртында қотыр ала тай қалмады.

Жер мен су, тау мен тасқа қоштасқалы,
Көшінен сонда екі қыз тұрып қалды.
Кеткен соң бұл арадан келмес мәні,
Жоқ еді бай болса да оның сәні.
Карабай көше қашып жөнелгенде,
Ел-жүртқа екі қыздың қоштасқаны:

— «Балталы, Бағаналы ел аман бол,
Бақалы, балдырганды көл аман бол.

Кірім жуып, кіндігім кескен жерім,
Ойнап-куліп, ер жеткен жер аман бол.

Қара басқан қашқынды қоя берме,
Ел жақсысы Тайлақ би ақылы мол.
Осы ізі тоқсан мыңның соқпақ болар,
Жоғалмас, қайда барса, қазылған жол.

Тайлақтың енді аман бол қалған елі,
Аман бол қалың ағаш, аққан селі,
Теруші ем еріккенде, ермек етіп,
Екпе, жиде, алма ағаш көлеңкелі.

Сегіз сай тау біткенді сала аман бол!
Халайық қалған елдің шалы аман бол.
Карабай қайын атаң сенен қашты,
Жөргекте Қозы Қөрпеш бала аман бол!

Ұзын өлке, жота мен төбе аман бол,
Тайлақ би, ел жақсысы көп аман бол.
Изенді, мық жусанды, бетегелі
Ақ көде малға шүйгін шөп аман бол!

Жасы кіші, аға мен іні аман бол!
Іребдел * өңшен мырза жаға аман бол,
Қайын атаң Карабай сенен қашты,
Жөргекте Қозы Қөрпеш тағы аман бол!

Байлығын Балталының көрмеймін деп,
Тіліне ер Тайлақтың ермеймін деп.

* Іrebдел — ірікті, тандамалы.

Кәрі атан ақылы жок өрге қашты,
Қызыымды жетім ұлға бермеймін деп.

— Баянды бермей кетер саған бокты,
Айым-күнім атарсың казалы оқты.
Күнінде күйеу болып келер болсан,
Жолында біз тұрармыз айтқан токты.

Козыеке-ау піспей қалған сіз бір алма,
Бойыңа қуат бітіп, күш толар ма?

— Қозы Қөрпеш күйеу боп, біз қайын боп,
Іілісіп тұратын күн болар ма?

Қолынан ит Карабай малын соймас,
Бір жерде дамыл қылып дәмге тоймас.
Құдайым тағдірінде қосқан болса,
Қайдыңа барсан, онда бар, сені қоймас!

Үйіңе құдай айдалың қызыр қонар,
Ер Лұқпан қолтықтап жолдас болар!
Егер де сапар қылып бізді іздесен,
Осы ізі тоқсан мыңың соқпақ болар!

Тайлақтың енді қалған халқы аман бол,
Жөргекте Қозы Қөрпеш жалқы аман бол,
Женеше, келін-кепшік, құрбы-құрдас,
Халайық бізді ойлаған жалпы аман бол!»

Барады белде-белде * дәурен етіп,
Ат мінген қара жорға қызды еніретіп.
Ханымы Карабайдың кейін қалған,
Кешке екінді болғанда, келді жетіп,

* Б е л д е - б е л д е — ескі сөз. Толқып-толқып, үдер-үдер мағнасында.

Жәнелді сонда екі қыз белін буып,
Дым сұлу көркемдігі айдай болып,
Көшіне жылай-жылай әрен жетті,
Жылаған жасы атының жалын жуып.

Карабай тоқсан мынмен өрге салды,
Жылқыдан ак қайынды мініп алды.
Су аяғы құрдымнан ара-конып,
Осы тұрған Семейге жетіп барды.

Дамыл, аял көрмейді көзі терлең,
Өзге жакпен жүре алмас малын кернеп.
Дамыл жок та, тыным жок көше беру,
Өнег бойы жағалап Ертісті өрлең.

Көше-көше талай жер барып қалды,
Барғанменен барқадар * таба алмады.
Көл қара су бойына жетіп барып,
Қайқып, күм жағалап қайта салды.
Ала таудын жағалап аржағымен,
Іле басы Құлжаға тағы барды.

Ол жерде келіспеді мал тойыны;
Сірә тоқтау болмады іш орынды.
Ілден қайта көшіп Шыршық барды,
Ұдай көшіп барады Сыр бойына,
Азғана Сыр бойына дамыл алды.

Бір күні ол қаңғырып, Қоқан кепті,
Қоқаннан көрді талай кереметті
Тоқсан атка бір белбеу сатып алып,
«Не қыласыз» — дегенде, «шүлғау» депті.

* Б а р қ а д а р — арапша (парсыша) бұл арада береке мағнасында.

Көшеді қысы, жазы дамыл көрмей
Біраз елі қалады оған ермей.
Сағынып Сарыарқаны қайта көшті,
Мазалы ел ішінде рахат көрмей.

Көрмессің Қарабайдай жарым есті,
Азырақ өзінен де қатыны есті.
Қырық күндік ыстық шөлге қайта көшіп,
Бетпақтың сар даласы барып тұсті.

— Қырыстан салқын соқса,
самал болар,
Мұнан артық не киын қамал болар.
Құлын, тайым қырылып шөлдеді ғой,
Ойбай қатын айта көр, не амал болар?

— Не деп жауап айтайын бұл сөзіңе,
Құдай беріп қойды ғой мінезіңе.
Қырылмақтан жойылсын құлын-тайың
Бұл қылық елден, қашқан аз-ды өзіңе!

— Ойбай қатын өлсем де, тіліңе ермен,
Балталы мен үрайын Сақалдыңды
Жалғыз тайым қалса да, өлсем, көрмен!

Көрмессің Қарабайдай жарым есті,
Бір талай көше-көше күні кешті.
Бетпақта бос қамалып жата алсын ба,
Одан көшіп Қарекен Шуға тұсті.

Қарекен қырып-жойып Шуға барды,
Ақмаққа құдай берген мұнша малды,

Арқада қызы сұлу бай көшті деп,
Торғауыттан бедеумен Қодар салды.

Жамағат осы сөздің бәрі де рас,
Ерлігі аскан Қодардың о да бір мас.
Мақтауды қазақ аты көтере алмас,
Астында бедеуі бар алты құлаш.
Қодардың өзі ойланып бір ниетті,
Қамшы басты, бедеуін зар еңіретті.
Куып жүріп, әр кімнен сұрап жүріп,
Шу бойында қамалған байға жетті.
Әрі-бері көше алмай бос қамалған,
Құлын-тайың шөлдеген кімсің? — депті.

— Көңілімді мың мен санға баламаймын,
Бенденің ілігіне жарамаймын.
Су аяғы құрдынман қашып жүрген,
Алла тағала қаңғыртқан Қарабаймын.

— Қареке-ау іздеп едім, кез келесің,
Қодар батыр мен едім сен көресін.
Мен шөлдетпей бетпақтан алып шықсам,
Қанеки ақысына не бересін?

— Балам-ау, сен іздесен, кез келейін,
Сені құдай берген сон, неге өлейін.
Сен бетпақтан шөлдетпей алып өтсен,
Қалың малсыз, борышсыз қыз берейін!

— Қыз берсен, сен атасың, мен баламын,
Не қылып тең құрбынман құр қаламын.
Асыраған қызыңды мен алмаймын,
Жалғыз қызың Баянды мен аламын.

— А, балам, қайратыңды мен қөрейін,
Жаманға сені неғып тенгереін.
Сен шөлдетпей, шығынсыз алып өтсөн,
Сүйген қызың Баянды мен берейін.

— Уағыда қылып, серт қылсан, сенсем екен!
Сентеннең соң, соныңнан ерсем екен.
Олай-бұлай қызыңның керегі жок,
Ақ Баянды Қареке-ау берсең екен!

— Жас құлымынам қырылды тамам, Қодар,
Бір су тауып бере көр маған, Қодар.
Сен шөлдетпей малымды алып өтсөн,
Ақ Баянды беремін саған, Қодар.

— Қареке-ау осы сөзің жақсы кеп пе?
Жалған жауап сейлеуге сіздерге еп пе?
Бейнеттеніп бетпақтан өткізермін,
Дер кезінде Қареке-ау алдап кетпе!

— Ұнамаған адамға шөл арықпын,
Кұлық қылған кісіге қас шұнақпын.
Қылап қып уағыдамды неғылайын,
Серттен тайман, қызымды берер акпын.

— Құдай-ау, қайратыма дем бере көр,
Қареке-ау жылдамырақ жөнеле гөр.
Екі күрек, екі үлкен кетпенменен,
Және сегіз көшіңнен мес бере көр.

— «Сөзімді менің айтқан біле бер» — деп,
— «Атыңа енді отырмай міне бер» деп,
Қодекен ұзын сзып жөнеледі,
«Менің осы ізіммен журе бер» деп.

— Байталым енді аяңда, бүгін ел жоқ,
Арқада Аягөздей мөлдір сел жоқ,
Сертіме бұл айттысқан жете алмасам,
Сірә маған Баяндаі бұраң бел жоқ...

Ант үрған білдірмейді Қодар жасып,
Әр жерден жүз кіслік құдық аршып.
Су шыққаннан су шығар құдығыңың,
Суы жоғын толтырар, меспен тасып.

Сол күндеңі жандардан Қодар асып,
Мінезіне қайраты құп жарасып.
Қодекен шауып жүріп қимылдайды,
Аямай бедеуіне қамшы басып.

Сол күндеңі жандардан Қодар епті,
Уағыда қылған сертіне анық жетті.
Жанды аямай қимылды қылып-қылып,
Не қылса сол бетпақтан алып өтті.

Аяқ жерде байталы болдырған соң,
Жаяу жүріп көреді көп бейнетті.

*
Етік қажап бақайы қанап кетті.

— Байталым, неғыласың бүгін ел жоқ.
Арқада Аягөздей мөлдір сел жоқ.
Жиналған жан қуанар қыз көрген соң,
Баянды аламын деп көңлі тоқ!

Түнімен құдық аршып, тұске шейін,
Сондай құдық жасайды беске шейін.
Кейінің өз суы бар, кейінде жоқ,
Мәспен тасып толтырар кешке шейін.

* Осы арада бір жолы түсіп қалған.

Жылқысы суға қанып тойып алды,
Қодардың әр нәрседен ойы бар-ды.
Мұны құдай жаратқан сонша зор ғып,
Анық он кез өзінің бойы бар-ды.

Тоқсан мынды неғылса қандырды тез,
Әдебі жок, мінез жок, Қодардан без.
Кәпірдің денесінің бәрі де артық,
Жалпағы жауырнының үш жарым кез.

Қодардың өзі дардай, сөзі дардай,
Жүреді жанның бәрін көніліне алмай.
Өзінің денесінің молын қара,
Сынар ғана жұдырығы кол ағаштай.

Қарабай бұл жүргенін қылмас намыс,
Қодармен шөл далада болды таныс.
Өтірік қоскан емес осы сездер,
Ұзыны жауырнының алты қарыс...

Бұралған тал шыбықтай ол Баян қызы,
Тым сұлу көркемдігі жүртқа аян қызы.
Өзінің денесімен бір ісі жок,
Содан үміт қылатын Қодардан без!

Қодар айтты: «Қареке-ау құлағың сал,
Менің айтқан сөзімді жақсы үғып ал.
Аягөзге жете алсан, тау бектерлеп,
Еш қашан қауға тартып шөлдемес мал.

Арғы шеті Аягөз, Лепсі, Үржар,
Тоқсан мыңға лайық сонда жер бар.

Бұл жақта бұдан артық су болмайды;
Тоқсан мыңға өзге жер болады тар».

Көрмессің Қарабайдай бейлі тарды,
Қодарға «өзің біл» деп ақыл салды.
Қодардың сол тілімен кешіп келіп,
Жайлап қыстап Аягөз жатып қалды.

— ...Қарабай — Сарыбаймен мерген екен.
Құні жетіп Сарыбай өлген екен.
Бұл ауғалы он үш жыл болып қапты,
Қызы Баян да он төртке келген екен.

Тал шыбықтай бұралған өзі көрім,
Мінеки оны айтатын келді жерім,
Қыпша бел, алма мойын, сұлу Баян,
Сипаты жаннан асқан ол бір серім!

Тал бойының міні жок, қолаң шашты!
Шашының ұзындығы тізін басты.
Гүл төгілер аузына меруерт тісті,
Ондай жан дүниеде жаралмас-ты.

Аппақ көрік * мандайы, қылығы наз.
Малың түгіл басынды берсөң-дағы аз.
Сыртынан кулімсіреп сөйлессе де,
Көнілі қош болмайды, баймен араз.

Жүрт айтатын темірлі күймесі бар,
Козы Қөрпеш дегенде дүниесі тар.
Анда-санда болмаса сөйлеспейді,
Жалғыз жатып Козы үшін қылады зар,

* Көрік — жазық, кен.

Кас асыл бойы жетті, алтын кірпік,
Шақырып Қодар келсе үйтіп-бұйтіп.
Қара көзін қан басып қарағанда,
Маңына жоламайды Қодар үркіп.

— Қайғылы менің көnlім тола ма еken,
Алланың сзығы екі бола ма еken?..
Маңайға тантық құлды жолатқызбай,
Корқытып қойған оны құдай еken.

Баянды сұлу қылса, тәнірім қылған,
Атағымен, даңқымен дүние толған,
Токсан байдын баласы тоқсан сері,
Сыртынан көзі көрмей ғашық болған.

Жамағат осы сөзден күдер үзбе,
Сипаты Баян қыздын жаннан өзге.
Баянға ғашық болып тоқсан бағылан,
Бәрі де іздел шықты жапан түзге.

Бәрі де ғашықтықпен жаһан кезген,
Баршасы ғашық болып елден безген.
Токсан жолдың аяғы бір жол болып,
Бір жолда тоқсан сері кездей келген.

Іздең Баян қызды соның бәрі,
Бірінен бірі артық ақылдары.
Бір өзінде он кісінің қайраты бар,
Баласы Нұрқара би Қесем сары.

Елінен іздел шыққан тоқсан бала,
Ақылы тоқсанының тоқсан сала.
Бір өзінде тоқсан кісінің қуаты бар,
Баласы Қаратока Ұлан қара

Елінен іздел шыққан тоқсан ері,
Әр-бірі жанға өлшеусіз көnlілдері.
Қайы бірін айтайын осалы жок,
Аяғы бес кіслік Қесем сері.*

Бәрі де жапан түзде бек сөйлесті,
Кайғысын Баян қыздын жеп сөйлесті.
«Біріміз-бірімізді» күндемелік,
«Бағымызды сынайық» деп сөйлесті.

Каратая, Тарбағатай жерге келді,
Жәйтөбе, Қатынсу көлге келді.
Басынан ақ Сәулінің дүрбі салып,
Отырған Аягөзде елді көрді...

Сол күндегі адамнан Қодар мықты,
Қарсы басқан дүшпанын жерге тықты,
Ел шетіне «Жау келді!» — деді-дағы,—
Айқайлад тоқсан ерге жалғыз шықты.

Сол күндегі жандардан Қодар еptі,
Сескенбей тоқсанымен араласты.
Ықты-жарды білетін Қодекен бе,
Сол жерде тау соққандай майдандасты.
Әрі-бері тоқсанмен айқаскан соң,
Біреуі беттемейді, бәрі қашты.

Бәрін бірдей Қодекен женіп алды,
Бейне малшы қылды да, малға салды.

* Бұл екі түрлі айтылып отыр, тегі бергі ақындардың, айтушылардың байқамай кіргізген жаңсақтығы болу керек.

Күймедегі Баянды көргені жок,
«Бұқа — буға» деген сөз содан қалды.
Қарабайдың тоқсан бір құлыш болып,
Ен суда малын бағып жатып алды...

...Енді тоқта қызықты бір көрелік,
Ұмытпасақ, айналып бір келелік.
Қодар, Тоқсан, Қарабай жата тұрсын,
Балталыдан бір жігіт ап келелік.

Осындаі болса керек ердін ері,
Жаңа бір таңдайтың келді жері.
Елінен намыс үшін іздеп шықты,
Тайлақтың кенже інісі Айбас сері.

«Қүшімді мың мен санға сынайын» деп,
«Бір санды садағымен бөгеймін» деп.
Елінен намыс үшін іздеп шықты,
«Сұраса, Қозы, ер жетіп не деймін?» деп.

Ойлайды: «қай жекжатқа сенейін» деп,
«Не қылып ажал жетпей өлейін» деп.
Елінен Айбас сері іздеп шықты,
«Дұшпанға неге намыс берейін» деп.

Қараңыз ер Айбастың қылған ісін,
Бойында аямайды қуат күшін.
Тұысқан, туғаны, жақыны емес,
Іздейді жетім ұлдың хахысы үшін.

Ер Айбас ойланып жүр ол бір нетті,
Қамшы басып бедеуін зар еңіретті.
Жүр айыл, жіп құйысқан тағып алып,
Тұлпармен Тайкөк деген іздеп кетті.

Ер Айбас Қектайменен өрге салды.
Ізімен тоқсан мынның кетіп қалды.
Қазылған сары ізімен жүре-жүре,
Әйтеуір адаспастай болып алды.

Қектаймен кейде шапты, кейде желді,
Қореді серілікпен талай жерді.
Аз жүрсе, көп жүрсе де аман-есен,
Аяғы Жетісуға о да келді.

Сол күндегі жандардан Айбас мықты,
Болдыруды білмейді Қектай тіпті.
Жүрттың айтқан мәлшері болды ғой деп,
Бір биіктің басына келіп шықты.

Қореді батыр Айбас талай жерді,
Ит Қарабай сенделтті есіл ерді.
Сол биіктің басынан қарап тұрып,
Аяғөзде отырған елді көрді.

— Астында патшалардың алтыннан так,
Болғай-ақ бұл ісіме тәнірім жак.
Нетейін бүрынғынды Қектайым-ай,
Барынды бүгінгі күн қарыштап бак!
Жер аулақта үш қызға бір сөйлессем,
Одан артық құдайдан тілегім жок!.

Бар құдай бұл тілегін қабыл алды,
Тал түстен ел шетіне жетіп барды.
Өзенде жиде теріп, ойнап жүрген,
Алдынан қыздар душар бола қалды.

— Біреудін ашылмас бұл бағасысын,
Кіреуке, алтын тонның жағасысын.
Елдің жөнін сұраймын шырактарым,
Тоқта үшеуін, қай байдың баласысын?

— Ағеке-ау, асыл зада сен бір ерсін,
Жадағай жапан түзде кез келесін.
Корықпай Қодекемнен мұнда келген,
Жүрек жұтқан жанбысын, неғып жүрсін!?

— Шырағым, тал бойында жоқ екен мін,
Иманнан қуаттанып ашылар дін.
Қодайтып «Қодекем» деп сөз сөйлейсін,
Ол нәрсе қайдан шыққан, нәслі кім?

— Тартынбай әр нәрседен Қодар тайып,
Естісе, бұл сөзінді үлкен айып.
Қодардың атасы жел, анасы жел,
Кез болған бей далада өзі ғайып.

— Ендеше Қодарыңды ойға алалық,
Мен бе едім сол итінен кем боларлық,
Құдайдан бүйрық болып, демеу болса,
Астына табанымның бір салалық.

— Ағеке-ау, жақсы айтасын, сөзің майда,
Бір пайда тигізе көр осындейдай.
Қодарды женіп бізге кек әперер,
Алаштан асып туған ер-ұл қайда?

— Астымда Қектайым бар тұлпармен тен,
Қодарды қылма уайым маған сенсен.
Елімнен әдейі іздел арнап шыққан,
Құдай қосса, керекті, соның жеңсем.

— Жоқ еді бір тұысқан аға-женгем,
Көнілім жақын тартты сізге дем-дем *
Жақындық бізге таман сөз айтасыз,
Ағаеке-ау елі-жұртың болар кім-кім?

— Балталы, Бағаналы елден келдім,
Бақалы, балдырығанды көлден келдім.
Жұрты деп Сарыбайдың естушімен,
Ел жақсысы Тайлақ би елден келдім!

— Ағеке-ау бұл бір қызық заман екен,
Сізге деген жамандық бізге мекен.
Су аяғы құрдымнан келген болсан,
Ел-жұрты ғой — Қозыекем аман ба екен?

— Сіздерге күмән шығар өзіме аян,
Елімнен іздел келген келінім Баян.
Қозы Қөрпеш падиша халқымызда,
Қара орны, хан тағында қалқым аман.

— Адамға біздей емес жат пенен өз,
Жапан түзде ағеке-ау келесіз кез.
«Қозы Қөрпеш, қызы Баян» деп сөйлейсіз?
«Апалар» жөнін ұқтыр немене сөз?..

— Жас кісіде артылмас сенен кенес,
Біреуге бүйірғанды біреу жемес.
Бір мұншылық айтамыз әншайін-ақ,
Шырағым сен есітер дәнeme емес!

— Құлак кәрі, бой кіші, ақыл дана,
Қектаймен ауылыңа келдім жана.

* Дем-дем — ескі түрі, үсті-үстіне дегені болса керек.

Апаларын жасырса, мен жасырман,
Сөзің рас, шырағым бермен қара.

Су аяғы құрдымнан іздел келдім,
Козы Қөрпеш шын жарың, келін бала.

— Атамыз Қарабай да мерген шығар,
Талай жерді қанғырып көрген шығар.
Козы Қөрпеш дегенді біз білмейміз,
Суға сатып Қодарға берген шығар!

— Шырағым келіп едім гүл-гүл жанып,
Келгенмен куанбадым сөзге қанып.
Көнілін шыныменен жат бол кетсе,
Елімнен неге келдім азаптанып?

— Атамыз Қарабай да мерген шығар,
Қанғырып талай жерді көрген шығар.
Козы Қөрпеш дегенді біз білмейміз,
Суға сатып Қодарға берген шығар.

— «Байлығын Балталының көрмеймін» деп;
«Тіліне ер Тайлактың ермеймін» деп:
«Қарекен ақылы жок өрге қашты,
Қызымды жетім ұлға бермеймін» деп!

— Сәлем де, олай болса, дұғай-дұғай,
Біз жүрміз қайғысында жылай-жылай.
Барлағалы айтып ем ей, ағеке-ау!
Қекіркте күмән жок, куәм құдай!

— Ауыздан айткан сөзің дін емес пе,
Қалжың сөз періштеге куә емес пе?
Екі асыл ай мен күндей жар болыпты,
Өзінді кірлегенің мін емес пе?

— Ағеке-ау, асыл зада, сіз бір ерсін,
Ініңе сөй деп барып айтты дерсін.
Қылмаңыз, сөзге налып жамандықты,
Жазамды арам болсам, тәнрім берсін!..

— Қасыма Баян, Таңсық қызы келесіз;
Козының Айбасы едім, сіз көресіз,
«Жылдам барып, сөйлесіп, тез қайт» деген,
Ініме сәлемдемеге не бересіз?

— Сәлем де, ініңізге, іздел келсін,
Келмесе, сорлы Баян дегені өлсін.
Көнілім кетті Қозыға, жаным мұнда,
Айтқан сөзді ініңіз қабыл көрсін.

• • • • •
Алтынды тон, жүзігім белгі болсын,
Қасына не қосады, апам білсін!

Қосқан соң ақылына екі қызды,
Екеуі жыламсырап, көнілін бұзды.
«Ініңе сәлемдеме» деп береді,
Жүзік пен тоннан басқа бір тоғызды.

— Апалар, мұны ешкім көрмес пайда,
Ойланбай іс қыласыз осындаida.
Бір тоғыз сәлемдеме бердіңіз-ак,
Келген адам сый-сияпат, жолы қайда?

— Қектаймен келіп едім, бір жыл желіп,
Көнілімді сіздер үшін ақса беріп.
Өз басым сабакты жіп, тіпті алмаймын,
Шырағым, көнілім тойды сізді көріп.

* Бір жол түсіп қалған.

— Күдая, сапарыма дем бере гөр,
Ағеке-ау, жылдамырақ жөнеле көр.
Жатырмыз Аягөзді жайлап-қыстап,
Інінді кешіктірмей жеткізе көр!

— Сөздерің, шырактарым, дым-ақ майда,
Кім білінбей кетеді осындайда?
Соғыспай әдейі кеп неге кетем,—
Дейтұғын Қодар, тоқсан итің қайда?

— Әзір Қодар сіздерге сез бермейді,
Жалғыз сіздің өзіне бөгелмейді.
Ініңіз бен екеуіңіз екеуленіз,
Қәпірдің қайраты мол, бой бермейді.

— Қектаймен батыр Айбас өрге салсын,
Құдай берсе, ондағы халыққа барсын.
Көзіме көрсет дағы, қоя берші,
Итіңнен таяқ жесем, құдай алсын!

— Қәпір Қодар бір тау ғой кім таласар,
Денесін көрген жанның қаны қашар.
Ағеке-ау, тілімді алсан, көрінбей қайт,
Кетпестей сүйегіне таңба басар.

— Бәле, бала сөзіңін бұзығына,
Тәнірдің тоқтау болмас сыйығына.
Жанға өлшеусіз құлыңды мақтай берме,
Көрсет дағы, қарап түр қызығыма.

«Тіліне енді осының сенелік,— деп.
Тілеуін біз де мұның тілелік»,— деп.
Уш қыз қалмай сонынан ере жүрді,
«Қызығын екі алыптың көрелік»,— деп.

Уш қыз да тамаша ғып бұған ерді,
Таудай болған Қодарды Айбас көрді.
Қыздарға қайратымды көрсетем деп,
Тартынбай батыр Айбас жетіп келді.

— Мен Айбас, сен Қодарсың, жана көрдік,
Тонрандаған сөзіңмен тамам өлдік.
Сізді білмей ауылға барып едік,
Қандай жаза қыласың, міне, келдік?

Айбас келіп Қодарды сөзben салды,
Қодар батыр шоқпарын жұлып алды.
Уш қызға мақтанады келіңсіз * құл,
Айбасты шоқпарменен салып қалды.

Айбас оның жауырынынан ұстап алып,
Бір-ақ ырғап Қектайға жұлып алды.
Қектаймен салақтатып, желіп кетсе,
Қектайы көтере алмай жата кетті.

Сол күндеңі жандардан Қодар мықты,
Екеуіңің аты ойнап, бетке шықты.
Тұра сала екеуі алысқанда,
Келістіріп итінді тағы жықты.

Астында жатып Қодар бақырады,
Күндей болып күркіреп ақырады,
Айбастың тізесіне шыдай алмай,
«Біздің тоқсан қайда?» — деп шақырады.

Күркіреп «ұшан» Сері келіп жетті?
Япырым-ау, солар неден үміт етті?

* Келіңсіз — өрекшел.

«Кодекемді бас салып жатқан кім?» — деп,
Бәрі бір-бір сойылмен салып өтті.
Бәрінің де сойылын жұлдып алды,
Кек тайға міне қашып Айбас кетті.
Артынан бақа айғырмен Қодар жетсө;
Ұрып жығып, серейтіп, тағы кетті.

Құба жон жығылғаны беттің деймін,
Құдайға емессін құл, жетті деймін.
— Не ғып тұрсын, Қодеке-ау, жауға шаппай,
Дүшпаның анау қашып, кетті деймін?!

— Бұл тоқсан дәuletімде киім киді,
Жалғыз кісі кетірді біздің күйді.
Бір суырдың ініне ат жығылып,
Ақ жартасқа бұл басым жаман тиді.

Қас қарайып барады көз байланып,
Кууға тоқсан тұрсың ыңғайланып.
Сендер барып олжа ғып әкеле ғой,
Куа алмаймын, басым тұр шыр айналып!

Қырды, жойды ер Айбас беріктіріп,
Үш қыз да куанады көріп тұрып.
Нені кусын Айбастан үміт етіп,
Басы Қодар, үйлиғып, қалды тұрып.

Іс қылды батыр Айбас бойлай-бойлай,
Қырды, жойды, киратты ерікке қоймай,
«Біздерге болысар жан бар ма екен?» — деп,
Күймеде Баян отыр ойнай-ойнай.

Куанып Баян сұлу жүре берді,
Қайратын ер Айбастың халқы көрді.

«Тілдесіп мен үш қызға кетемін», деп.
Жүгіртіп Қөктаймен қайта келді.

— Қорықландар, түк қылмайды мұндай
жандар,
Сөзімді менің айтқан, сіздер, аңғар.
Әл-куаты інімнің дым-ақ артық,
Сенсендер, менікіндей үш есе бар...

Жәнелді батыр Айбас бедеуменен,
Көніліне алла салған демеуменен.
«Мұның да керек күні бола ма» — деп,
Балға алды, қамшы-қамшы егеуменен.

Қөктаймен батыр Айбас тәмен шапты,
Мәнісін тамам жолдың оймен тапты.
Қыздың берген белбеуі түсіп қалып,
«Қызылбелбеу, Құбажон» қоя сапты.

Сол Айбас тоқтамады тағы шапты,
Тамам жолдың мәнісін оймен тапты.
Бір сұытқан айғыры шығып кетіп,
«Шұбарайғыр жорға» деп қоя сапты.

Сол Айбас тоқтамады тағы шапты,
Мәнісін тамам жолдың оймен тапты.
Қыздың берген мейізі түсіп қалып,
«Мейізек» деп тау атын қоя сапты.

Сол Айбас тоқтамады тағы шапты,
Мәнісін тамам жолдың оймен тапты.
Жанындағы жаулығы түсіп қалып,
«Абыралы, жалаулы» қоя сапты.

Сол Айбас токтамады тағы шапты.
Тамам жолдың мәнісін оймен тапты.
Қыздың берген қарқарасы түсіп қалып,
«Қарқаралы» тау атын қоя салты.

Сол Айбас токтамады тағы шапты,
Тамам жолдың мәнісін оймен тапты.
Жанындағы шідері түсіп қалып,
«Шідерлі» деген өзен содан қапты.

Сол Айбас токтамастан тағы шапты.
Мәнісін тамам жолдың оймен тапты.
Аз жүрсе, көп жүрсе де есен-аман,
Бір күні ел шетіне келіп қапты.
Ел шетіне жақындал барған екен,
Бір қой жайған, жақындал, көрді шалды.

— Сейілде қой жайған бай, сізді көрдік,
Жасын үлкен екенсін, сәлем бердік.
Бұл қойың кімнің қойы, аксақал бай,
Жолаушы ем көптен бері, жаңа келдік...

— Бар екен әр нәрседен мұның ойы,
Тартқан сымдай көрінер қырдың бойы.
Жарқынам, сен сұрасан, мен айтайын,
Сарыбай ерте кеткен — ханның қойы.

— Ақсақал, бай екенсіз, сөзің майда,
Мен дағы жат кісі емес, мұны да ойла.
Сарыбай ханның қойы осы болса,
Жалғызы Қозы Қөрпеш бала қайда?

— Шырагым, серілік бар сіздің бойда,
Білдім бе? Білмедім бе? Өзің де ойла.

Қозыекен айдай болып жүрген шығар,
Осы жерде, қыз ұзатқан жақын тойда.

— Келгенім менің барып бір талай жер,
Бай-еке, бір пайданды тигізе гөр.
Айтарлық шерім де көп, мұңым да көп,
Жалғызды, тілінді алса, шақырып бер!

Мінезі шалдың дағы текті дейді,
Сөзіне әбден көзі жетті дейді.
«Шақырып тілімді алса, келемін» деп,
Аяндал топқа таман кепті дейді.

— Жалғыз үл, жастай қалған көздей келдім,
Жолдас болған атаңың кісісі едім!
Бір жігіт ат арытқан қылды керек,
Жүрсөң, ертіп алғалы келіп едім!

— Не қылып танымадың, байым зерек!
Ол не қылған кісі екен жаңнан бөлек?
Жауыр атты мен жаба тоқып жүрсем,
Мен сықылды көрпілдес неге керек?

— Атаңды жасында алған жаббар құдай,
Атадан жастай қалған сен сұмырай.
Жауыр атты сен жүрсөң, жаба тоқып,
Көктайың жауыр қылған саған орай!..

Тіліне шалдың сонда ерді дейді,
Тілеген бір тілегін берді дейді.

— Не де болса, сейлесіп көрейің,— деп,
Шалмен еріп қойына келді дейді.

— Ағеке-ау, қой қасында сізді көрдік.
Жасыңыз үлкен екен, сәлем бердік.
Шақырдың жас баланы неменеге,
Қандай іске жұмсайсыз, міне, келдік?!

— Өсіпсің, кішкене едің, Қозым дардай,
Қайратың басым еді, шығара алмай.
Қайының айлық жерде жақын жатыр,
Сүм жалғыз, не ғып жүрсің, бір бара алмай?!

— Ағеке-ау, шақыртқан соң келіп ем тез,
Нанбаған айтқан сөзге жаманнан без.
Құлағым керен болсын, естігем жоқ,
Қайта айтшы, «қайын» деген немене сөз?

— Байлығын Балталының көрмеймін деп,
Тіліне ер Тайлақтың ермеймін деп.
Кор атаң, ақылы жоқ өрге қашты,—
«Қызымды жетім үлға бермеймін» деп!

— Қек тайың астындағы желмеді ме?
Барсан көзің ағеке-ау, көрмеді ме?
Әбден барып мәнісін біліп келсен,
Бір тоғыз сәлемдеме бермеді ме?

— Шырағым, барып едім сертке жетіп,
Қек тайды қарыштатып мен енретіп.
Тоғыз берген кінә жоқ келінімнен,
Бір құлдың түсіп қалды, ызасы өтіп.

— Сөзіне қыздар сіздің, ермеді ме?
Асылдан сәлемдеме бермеді ме?
Бергені бір тоғыздай рас болса,
Шіркіннің бір белгісі келмеді ме?

— Қарабай қайын атаң бейілі тар,
Қодар — тоқсан дейтүғын бір анты бар.
Сен бала, азырқанба, алсаң мұны,
Үш түрлі мұнда келген белгісі бар.

Мактады бастан аяқ Айбас оны:
— Бір ізdemей жатырың, қайтып оны.
Азырқанбай, сен бала, алсаң керек,
Жүзік, бешпет, келді ғой алтын тоны!

Белгісің алып келген Қозы көрді,
Көрген соң Қозыекемнің көңілі сенді.
— Маған Тайлақ батасын берсін енді,
Алтын тонды Тайлаққа жібер енді.

— Ақку құстай жарқылдап оның мойны,
Бұл дуниенің қызығы қылған ойны.
Бұралған тал шыбықтай сұлу Баян,
Іздеусіз Баян қайтып жатыр қойны.

Өне бойдан сіркедей мін таппадым,
Көрмеген жаным екен, көңілім тойды.
Бармасаң осыны іздел, арман кетпес,
Енді ізде, не қыласың бөтен ойды.

Мен көрдім тоқсан бөрі бірдей келіп,
Бәрі де Баян үшін басын жойды!
«Тарыс берген сон тайсалма!» деген сөз бар,
Бар көргенін ер Айбас айтып берді.

Қозыекең үйге келді беті терлең,
Анасын шақырады «мұнда кел», — деп.
«Ант бер» деп анасының колын алды,
— «Менің жарым кім еді, айтып бер!» — деп.

— Түйеге сымбыл тарткан тендей болсын,
Суға аққан мұз бұзылып сендей болсын.
Атын атап, мәнісін айтқан қазак,—
Екі беті жаралы, мендей болсын!

— Ат мініп сары табан желмей ме екен,
Ер жігіт жол бейнетін көрмей ме екен?
Неге жора бастайсын жалғызына,
Баласы үй ұзатып келмей ме екен?

— Барайын деп келіпсің сөзге «е» деп,
Боз қасқаны мен айттым жолына деп,
Келмейсін деп айтамын соның үшін,
Батыр Қодар шығыпты сорына деп.

— Ажалым қайда жетсе, сонда өлермін,
Болмаса бір қызық жол мен көрермін.
Құдай кесел қылмаса қайратыма,
Не ғылышпіп бір Қодарға бой берермін!

— Білемін артық емес Қодар күші,
Ол сол елді қорқытып алған кісі.
Қанша күшті болсан да, сен жалғызсын,
Қорқынышсыз болады елдің іші.

— Қодарға болысады сол жатқан ел,
Қыламын бір аллаға мен тәуекел.
Ажалдан қашып пенде құтыла ма,
Тағдырға не болса да байлайды бел!

— Байқасам, қажымайтын сен бір шоқсын,
Қөзіме, туып менің, күйік бопсын.
Мен түсімнен шошып ем, жалғызым-ау,
Әйтеуір, тірі кунде маған жоқсын!

Кайтейін мінезінді жастық женип,
Не ғылса да бір хабар саған келген.
Күйрығын жок, жалың жоқ, жалғыз қылып,
Кайғынды тартқызыбакқа маған берген.

Жарығым, бұл сапардан қалсаң не етер,
Көзінді мен сорлыға салсаң не етер?
Бұл жалғанда көре алмай, жалғыз балам,
Қайғы ойлап, бір сен үшін күнім өтер!

Артында иесіз қалды мың сан малын,
Кыз-қатын алсаң дағы саған жетер.
Куратып мен сорлыны тастап кетпей,
Елден тандап бір сұлу алсаң не етер!

Қорқытып оны Қодар алды деген,
Айбастың айтқанының бәрі бекер.
Жамандықты көрмеген, ей, құлыным!
Жол табылмай жапанда тентіретер.

Артында сен кеткен соң, мен де өлермін,
Не қайғы бар көретін мұнан бетер...

— Алдында неше қатер, тұрса да оқ,
Тартынып бұл сапардан қалуым жок.
Сұлуын дүниенің жисан дағы,
Бір жарымдай болмайды көңіліме ток.

— Ей, жалғызым, кеттің бе;
Тірі тастап жалғанда?!
Кызығынды көре алмай,
Мен сорлы қалдым арманда!

Мен не көрем, ала кет,
Дүшпаның көп андыған,
Жалғызым сен барғанда,
Күдай косса жарынды,
Елінді ойла, алғанда!
Жалғызым сені көріп ем,
Өліп барып талғанда!!!

Жылармын бір сені ойлап-ертенді-кеш,
Шешеңнің жылағаны бір бұл емес.
Анықтап Айбас саған айтқан екен,
Қызы еді Қарабайдың Баян еркеш!
Сансыз жылқың, сан қойың қалды артында,
Кімге тастап кетесің, Қозы Көрпеш?

— Ақылым бұл уақытта зерек емес,
Көп түрмас, ертенгі күн болады кеш.
Сансыз жылқы, сан қойым қалса артымда,
Бір күнде қырылса да керек емес!

— Байқасам, тоқтамассың, сөзің бұзық,
Кеткенінде қала ма, анан зарлап,
Сүйеніп, қуат қылған жалғыз сенен,
Кімдерге тапсырасың, әдейі арнап?

Қозының атқа мініп жүрер шағы,
Не десен де қын-ды тоқтамағы.

— Тоқтасын деп айтасың соның бәрін,
Бір құдайға тапсырдым сізді дағы!

— Шырағым, қартайғанда, сені көрдім,
Тоқтар деп уайым ғып, айтып едім.
Қапы қалма, шырағым, дүшпаның көп,
Жолың болсын, бар енді рұқсат бердім.

— Япырым-ау, осы жүрттың бейлі тар,
Бәрінің тоқтатуға ниеті бар.
Мен жүрмей бұл сапардан тоқтамаймын,
Ер Айбас, мінуйме қандай ат бар?

— Жылқыны араладым ерте-кешті,
Бірін жүйрік,
Біреуін берік десті.
Шыққыр көзім шықпаса мен таныдым,
Дейтүғын бір атың бар Қүрең бесті!

Жылқыдан сол Қуренді алып келді,
Ертеп, дайын сапарға қылады енді.
«Арыздастып, қоштасып, қаламын» деп,
Басы Тайлак, ел-жүрті — бәрі тұрды.

— Айтар сөзім бар Тайлак, биім саған,
Кайғымды ескеріпсіз жетім қалған.
Сапарымды тоқтатам дей көрменіз,
Құлдық ата, көңілің қалар маған.

— Шырағым, қайратыңа көңілім еріп,
Мен келдім қалайын деп сені көріп.
Тоқтатар сапарымды деп ойлама,
Амандастып қаламын, бата беріп!

— Ендеше батыр Тайлак, аз тоқтай қал,
Артымда қалды менің есепсіз мал.
Тапсырдым бар малымды Тайлак сізге,
Соны бүгін түгендер қолыңызға ал.

Жалғыздан тірі айрылған шешем қалды,
Тапсырдым көзіңіздің он қырын сал.

Кайтейін ызаменен мен барамын,
«Не болам!» деп «жалғызы» болады зар.

— Күш-куатым сен едің қартайғанда,
Сен кеткенде, болмай ма заманым тар?

Көзінен елі-жұрты текті жасты,
Баяндай іздеймін деп қолаң шашты.
Козының жүргегіне көз жеткен соң,
Көрісіп елі-жұрты амандасты.

Тыспай елі-жұрты зар жылайды,
Анасы тақат қылып жүре алмайды.
Шешесі мен Тайлақ би жүгіріп кеп,
Қолынан ер Козының ұстай алды.

Онды, солды бетінен сүйді дағы;
Артынан бата беріп, тұрып қалды.
Канша айтса, қулағына енер емес,
Қажымас қара болат майталман-ды.

Ер Козы жүріп кетті қатты дінді,
Шуылдаپ елі-жұрты салды үнді.
Коштасып ел-жұртымен жылағанда,
Құданың құдіретімен жер сілкінді.

Шешесі айтты: «Куарып жалғыз қалдым,
Жүремін қуат қылып енді кімді?»

Ер Козы амандасып, жүріп кетті,
Уайым, ойламайды, қайғы тіпті.
«Осыған жолдас болып барайын» деп,
Жүгіртіп Қектайымен Айбас кепті.

— Ер Айбас, мен інімін, сенсің ағам,
Артылды талай жаннан сенің бағаң,

Калды шешем, артымда қалын малым,
Тапсырдым бар малымды батыр саған!

— Бұл елге батыр Тайлақ би емес пе,
Бәрі де малы-басына ие емес пе?
Көріп келген жерімді тұра бастап,
Сені ертіп апарғаным жол емес пе?

— Айбас-ау, мені ойында кем дейсін бе,
Сен менің қайратыма сенбейсін бе?
Жалғызы Сарыбайдың Козы Көрпеш,
Жетелетіп тапқаным жөн дейсін бе?

— Экенді жасында алды жаббар құдай,
Үкітірді қайын атаң аулы бұлай:

Уш жүзікті енді алып Айбас берді,
Сәлемдеме үш қызға дүғай-дүғай.

— Ойлаши, мен кімдерден қалысарым?
Есен болсам, бір барып табысармын.

Ендей малы қалды деп қызыққанмен,
Қасық қаным қалғанша салысармын.

— Ойлама, сені кімнен кем көрермін,
Мал-басынды өзіңмен тен көрермін.
Бұл жалғанда жолықпай өліп кетсем,
Құрттай санап соныра мен берермін!..

Сол жерде Айбас қалды, Козы кетті,
Көз ұшына бұлдырап барып жетті.
Калуға Козыекенді көзі қимай,
Жүгіртіп Қектайымен тағы кепті.

— Жалғызым, жөнелдің бе, бір құдай деп,
Атыңың басын бұрма, ел бұлай деп.
Қалды шешен, артында қалың жұртың,
Қандай жауап айтасын, немене деп?

— Жалғызың көрмегенің көрді деп айт;
Құдайым сұрағанын берді деп айт.
Басымды көп қаңғыртпай халқыңа қайт,
Отқа түсіп балаңыз өлді деп айт!

— Жалғыздың әр қыны... Шешіле... Көр...
Періште, отқа салмай өшіре көр.
Айтады қаталықпен, астапыралла,
Құдая, балалығын кешіре көр!..

Ер Қозы жүріп кетті дамыл алмай,
Асады күннен күнге Қүрең талмай.
Әйтеуір елдің жөні осылай деп,
Қисапсыз көп қаңғырды ел таба алмай.

Бір талай жүре-жүре заман кешті,
Атқан аңың етін жеп, суын ішті.
Күнде мінген Қуренкей арықтайды,
Басына ғаріпшілік сонда түсті.

Қуренкей кейде жортқан, кейде желген,
Бір қамысты қопаға азар келген.
Ер-тоқымын, жүгенін сыпырып ап,
Сол жерге тәуекел ғып қоя берген.

Қозыға жас та болса тілек берген,
Қасында жолдасы жоқ бұған өрген.
«Қозыекен түзде жүдеп жатыр ғой» — деп,
Үйінде шешесінің түсіне енген.

Шешесі ерте тұра айғай салты,
Басы Тайлак, ел-жұрттың жиып апты.
Қозыекен түзде жүдеп жүрген екен,
Бақсы, бәлгер, ойшыға «ойла!» депті.

Тайлактай адам болмас асыл текті,
Не қылса да қылғаны сондай епті.

— Мал айтындар, жолына Қозының,— деп,
Халқына батыр Тайлак жарлық етті.

Ер Тайлак ойланады осы нетті,
Қөндірді бұл сөзіне осы көпті.
«Мен де айттым, мен де айттым» деп... Есеп
қылса,

Койы мыңға, жылқысы жүзге жетті.
Айтқан малдың бәрін де сойып алып,
Жоқ-жітік, аш-арыққа үlestірді.
Жетім-жесір, аш-арық, молда, кожа —
Бәрінің бір аллаға діні таза.

— Құдая, ер Қозының жолын қыл,— деп,
Баршасы көп зарланып қылған аза.

Құдайым күр тастамас, сірә көпті,
Дұға қылыш, тасаттық тарап кетті.
Құданың құдіретіне қарасаңыз,
Жатқан жеріне бір ұлken керуен кепті.

Керуен қонғаннан соң, Қозы барды,
Ішінде бір адам бар ақ сақалды.
Қозының аты менен түрін көріп,
Өзгелерден шығарып қасына алды.

— Өзім қожа, молдамын және өзім бай,
Сауда қылыш келемін барып Қытай.

Атың арық, түрің жат, жапан тұзде,
Жалғыз жүрсің не қылып шырағым-ай?

Кожаға Қозы айтады енді бәрін,
Кожа білді Баянға ынтызырын.
Бастан-аяқ қожаға бәрін айтты,
Жарасымды Қозыекен баршаларын!

Қозыны падишадан артық күтті,
Тұс құбылтып жүретін дұға үйретті.
— Жанның бәрі дос емес мендей саған,
Бұл түсінмен көрінбе, балам,— депті.

Кожадан жасырмайды әсте сырды,
Бірігіп он бес күндей дәурен сүрді.
Екеуі жапан тұзде уағыдаласып,
Қозыны қияметтік іні қылды...

Көреді батыр Қозы талай жерді,
Жақындаپ адасса да қеліп еді.
«Құбылтып, елді аралап үйренгенше»,—
Деді де бар сиқырын жазып берді.

Айрылды он бес күндік азық беріп,
Бар сиқырын — білгенін жазып беріп,
«Ел-жұртыңа айтамын хабарынды,
Уағыда қылып,— табам,— деп өзі келіп».

Екеуі екі айрылыш жүре берді,
Уағыда қылды Аягөз деген жерді.
Арада бір-ак қонып — ертенгі күн,
Отырған Аягөзде елді көрді.

— Ауылға алыс болса жуықтайын,
Куренді бір жолата сұттайын.
Барынды қарыштап қал, бүгінгі күн.
Баянды өксік болған уатайын!..

Бір жерге Қозы аттан түседі енді,
Бір киім Тазшаның ренін... берді.
Аягөзде құдайлап келе жатса,
Өзенде қой жайған таз кездей келді.

Бір тазды бір таз келіп көзі көрді,
Жолаушы таз қойшыға «сөйле» — дейді.
— Бұл қойың кімнің қойы, қой жайған таз?
Айта гөр, елдің жайын бізге,— дейді.

Бар екен әр нәрседен бұның ойы,
Кесел екен бұл таздың өне бойы.
— Менің қойым деймісің осынша қой?
Қарабай деген діңсіз, иттің қойы.

— Шадыр * тазым, емессің сөзге майда,
Таз жел өкпе келеді осындауда.
Қарабай анттың қойы осы болса,
Тура сілте, антыңың аулы қайда?!

— Япыр-ау, сен менімен таныс емес,
Не еткен жансың, өн бойың толған кенес.
Кешке шейін үш барып, үш қайтасың,
Ауылы Қарабайдың алыс емес!..

— Сенімен сөйлесейін андай-андай,
Қандай жан екенімді байқай алмай.

* Шадыр — шырт етпе, ашуланшак.

Екі таз аулак жерде сырласайық,
Бой жеткен Қарабайдың қызы қандай?

— Тәубенді ант үрган таз жаңыласын,
Қой жұні бөстегінді жамыласын.
Солардың құшырына жолығарсын,
Сен қызын Қарабайдың не қыласын?

— Мұндар таз сөз айтқанын өнер көрген,
Жәреукели * келеді жалшы деген.
О да біздей жарапан адам шығар,
Соларға әулиелік қайдан келген?

— Көрмедин бұл жалғанда сендей тантық,
Соларға тең бола ма сендей шартық?
Сән-тұрманы мүкәммәл ** киілім,
Соның үшин сенімен менен артық!

— Сұлу деп шығушы еді аруағы;
Артық болса, артық та оның бағы.
Біз де адам ғой, айтсаңшы, нең кетеді?
Кандай-қандай қызы бар сүйтсе дағы!?

— Сөзіме менің айтқан нанбай ғана,
Ай, Тансық екі қызы дардай ғана.
Қыпша бел, алма мойын, сұлу Баян,
Сипаты сұлу Баян сондай ғана!

Көзбен көрмей, ауызбен айтып болmas,
Өзі тенденс адам жоқ оған жолдас.

* Жәреукели — жағынғыш.
** Мүкәммәл — мүлік, қазна.

Дидарын көрген адам көзі үялар,
Жігітті ғашық қылмай, ерікке қоймас!
Мақтауға аузым олак, айта алмаймын,
Хор қызы кітаптағы ондай болмас.

Көрген жоқ оған орай бір жігітті,
Колы жетпей жамандап адам оңбас!
Тоқсан бір Қодарменен сер бойдақ бар,
Маңына алмак түгіл бір бара алмас.

— Жапанда Тазша ағаеке-ау, жүресін бе?
Құрбыңмен сен де ойнап, күлесің бе?
Байдың қызы малшымен сырлас болар,
Солардың тамыры кім білесің бе?

— Апыр-ау, мұның өзі не қылған жан?
Сөзіме сөйлемеген еш қоймаған.
Сан қоймен ерте кетіп, кеш келемін,
Сен ант ал, білмесіме құдайға нан!

— Тазша құл, қартайыпсыз, сізді аяймын,
Сен кетсек, орныңа мен тұрайын.
Азат бол, көрінбестен үйіне қайт,
Сан қойды сенің үшін мен жаяйын.

— Жақты ғой құлағыма мұның маған,
Жанға соқпай жәнелесін мен кәрі аған.
Сан қойды менің үшін жайсан балам,
Колыңа қалағаның тисін балам!

Екі таз жапан тұзде кез келеді,
Басы шалыс, аяғы жән келеді.
Қарабай жаудың қойын аясын ба?
Тұрғын тазға жүз елу қой береді.

«Тәшкен барсан, елінді табарсың», — деп,
Тазшаны тұн қатырып жөнелтеді.

— Шырағым, сен екенсін ердің ері,
Сендей ерді көргем жоқ көптен бері.
Көп қайта Қарабайды сен сұрайсың,
Шынынды айт, сен Қозының қандай жері?

— Тазша құл, қой жаясың ерте-кешке,
Фаріптік шаршағанда түседі еске.
Алашқа мені айтсаң өлтіремін,
Қозы Қөрпеш дегенің мен емес пе?

— Бетім-ау, мына біреу кісіге бақ,
Мактаған шығушы еді сені аруақ,
Қандай жан деп таң қалып жүруші едім,
Талайған таз екенсің өзімдей-ак!

— Жетпейін мен нәлет деп тегіне енді,
Жөн кетсен — жараушы еді жөніне енді.
Таз кепті басындағы жұлыш алды,
Мұндар таз, мұнда айналып қара! — депті.

— Мынау қолдан жасаған көбім еді,
Рас Қозы Қөрпеш екенін сонда білді.
— Қайда барсан, сонда бар, жолын болсын,
Қосағыңмен қоса ағар, балам! — деді.

Екі таз екі айрылып жүре берді.
Ақылы Қозыекенің кемел еді.
Ауыл жата қойды айдал Қозы Қөрпеш,
Аулына Қарабайдың ап келді енді...

— Ойласам, мынау акыр заман ба еді.
Астында Курен шардақ шабан ба еді?
Мұнша кешке қойымды неге ап қалдын,
Ит-құстан, одан-бұдан аман ба еді?

Қарабай әлі ешнәрсе ойға алған жоқ,
Қозыекен Баянды ойлап көнілі ток.

— Сен қорқатын ешнәрсе көрінбейді,
Қойынды оза шауып, жау алған жоқ!

— Білімсіздің айтқанын көп елеме,
Адамзат акыл жетпей өлер деме!
Ойбай, қатын, бір нәрсе тамақ сайла,
Қарыны ашып келген бе тазша неме!

— Қарабай, ат мінесің бек тағалап,
Ақ қасқыр ауылынды жүр жағалап,
Кара інген от басында шөгіп жатыр,
Жүгірген бозша тайлақ жар жағалап.

Бай айтады: «ұш қызым, мені көрші,
Ушеуің, шапшанырақ, бері келші.
Тазшаның тұспалдаған сөзі өтті,
Соның маған мәнісін айтып берші».

— Бұл тазша үйде айтты ғой, түзде айтқанын,
Білмейсіз бе, ақ қасқыр сізді айтқаны.
Кара інген от басында әжем бақыр,
Бозша тайлақ дегені бізді айтқаны!

— Апалар, жасың үлкен, ойың теніз,
Сіздерге салайыншы мен бір кеңес.
Түрі жат, төркіні жат, әр нәрсесі,
Мынау, сіздің күндеңі тазшаң емес.

Козыекең бір білінді өнер бастап,
Не қылғанын тұрады қыз байқастап.
Ііліп ақ боз үйге кіріп келді,
Сол жағының тізесін сипап тастап.

Козының не қылғанын қыздар білді,
Ішінен бір сүмдүкты біліп алды.
«Әлде болса алды-артын байқайық» деп,
Сығалап босағадан тұра қалды.

— Асылым алыс жерден іздел келген,
Құбылып, бой жасырып біздің елден.
Шешем жатыр бір табақ өкпе сайлас,
Кім екенін білеміз осы жерден!

Бәйбіше сонда ішінен налып келді,
Табағына өкпесін салып берді.
Құлаш-құлаш өкпеге істік түйреп,
Қайқайтып, қарағай табақ алып келді.

«Қарабай, менмің жарлы, сенсін малды,
Бір өкпеден басқа асың қайда қалды?
Қашаңғы зорлығына көнейін» деп,
Қак басқа табакпенен салып қалды.
Ағаш табақ басына қатты тиіп,
Қабағын Қарабайдың жаман жарды.
Кой шетіне Қүрендей мұқты арқандап,
Құңқілдеп, тазша болып жатып алды.

— Біреу жарлы, біреу бай күн демелік,
Қылған ісін жаманың мін демелік.
Жарса-жарсын қабакты, ойбай қатын,
Малды бақпай кетеді, үн демелік.

Баянды сұлу деді көрген халық,
Козынын Баянды ойлап жүзі сарық,
Кой шетінде Қозыекең үйқтап жатса,
Соның нұры мың қойды қылар жарық.

Баян кеп, апасына сөз айтады,
Ұялып, ибадатпен аз айтады.
Бата алмай оятуға Қозыекенді,
Түнде үш келіп үйіне, үш қайтады.

Ер Қозы аман-есен қызға жетті,
Қыз Баян қосыла алмай болды дерпті.
Сол үш қыз сөйлесем деп жетіп келсе,
Таң сарғайып артынан атып кетті.

Улken толғау түседі қыз ішіне,
Кой жайылып кетеді өз ісіне.
Бір сүм қызды жіберді қоймен бірге,
Тоқты кебін кигізіп терісіне.

Ер Қозы Қүренкейін мінеді ерлең,
Елінен өзі жалғыз жүрген серлеп.
Бір қызды кеп кигізіп қыздар қосты,
— Осының кім екенін біліп кел! — деп.

Кой келді, Қозы келді, тоқты келді,
Жапанға елден аулақ шыға келді.
Ел жоқ, күн жоқ, жапанға келгеннен соң,
Қозыекең мұңшылықпен жылайды енді:

— Мұндаілыққа салды ием,
Мен сықылды жалғызды.
Бір қыз үшін дерпті боп,

Иттін де қойын жайғызды.
Мен елімде көруші ем,
Не сықылды әр қызды.
Бәрінен де көнілімді,
Жалғыз Баян қалғызды.
Жолын білмей бұл шөлде,
Жер түбіне барғызды.
Ақылдасар кісім жок,
Тау мен тасты шалғызды.
Керуен кез бол жапанда,
Онан сиқыр алғызды.
Тазша кебін кигізіп,
Қішілікті қылғызды.
Оянушы ем тал түсте,
Қайғымен ерте тұрғызды.
Дүниеде ғашық қатты екен,
Көнілді бұған бұрғызды.
Бере ме тәңірім бермей ме?
Ынтықты болған бір қызды?
Косылғанша мен соған,
Ішіме қайғы толғызды.

Атадан туған мен бір шок,
Садаққа салар сайман жок,
Балталыдай жерім жок,
Бақалыдай көлім жок.
Ақкезендей белім жок.
Ер Тайлактай бім жок.
Тай шаптырым жерім жок,
Баян үшін қой жайдым.
Өте де шыққан дүние бок,
Алдында менін балам жок.
Жат жерде менің бағам жок.

Артымда менің інім жок,
Сүйегімде мінім жок.
Ала адмасам осы жол,
Тірі де жүрер күнім жок.
Алдында менің жалым жок,
Айдал та берер малым жок.
Алып та сені тынбасам,
Елге жетер халым жок.
Артымда менің қүйрық жок,
Көнілден сірә жүйрік жок.
Іздел те келген қызы Баян,
Косар да тәңірім бүйрек жок.

Талаппенен келіп ем,
Танымады қызы Баян.
Кемдікпенен келіп ем,
Келеке етті қызы Баян.
Шыбын жаным тұрғанда
Бұ тілеуден қайтпаспын.
Сенен басқа хор қызы,
Болса да көніл салмаспын.
Шашы күміс, басы алтын,
Болса дағы алмаспын.
Танымасаң қызы Баян,
Танытқалы бармаспын.
Қамықпайын, тоқтайын,
Бұл қайғыға қанбаспын!
Сені алмасам осы жол,
Тірі де жүріп онбаспын.
Құдай кесел қылмаса,
Токсан бір құлға болмаспын.
Тынығайын біраз күн,
Бірін де бүйтіп қоймаспын.

Құдай сені шын қосса,
Қызығыңа тоймаспыш!
Темір де күйме кілті жок,
Қыз Баяннан үміт жок.
Осында жүріп мен өлсем,
Сүйегімді іздер жігіт жок...

Ер Қозы жырлайды екен жалғыз жүріп,
Жүргенін кемшілікпен қайғы көріп.
Манағы тоқты қашты енді ауылға,
Мәнісін осы сөздің естіп-біліп.

Тоқтының Қозы білді жайын тіпті,
Кайласы бар батыр ғой өзі мықты.
«Андып жүрген дүшпанға жолығар», — деп,
Аузы-мұрның қан қылып қойға тықты.

Қой келді, Қозы келді, тоқты келді,
Үш қыз да қой алдынан келіп еді,
— Мәнісін еш нәрсенің білдің бе? деп,
Оңаша ап тоқты қыздан сұрайды енді.

— Апалар, азар келдім есен-аман,
Басыма түсті менің ақыр заман.
Білімсіздік қылмандар, әдеппен бар,
Мінезі Қозыекемнің тым-ақ жаман.

Апалар, әрбір түрлі сөз айтады,
Қайғы тартып, уайым жеп айтады.
Ендігісін біле бер өздеріңіз,
«Құйрығым жок, жалым жок» деп айтады.

Ендеше тілегімді берген дағы,
Құл болып дүшпан оты сөнген дағы.

«Құйрығым жок, жалым жок» деп сөйлесе,
Құбылып тазша болып келген дағы!

Күні бітті уәделі келер деген,
Көп сарғайған жарым ғой, қайғы жеген.
Мен кешеден танып ем тек емесін,
Жүрегім көрген жерден лүпілдеген!

Жүгіріп қой алдынан қыздар келген,
Келе жатқан қыздарды Қозы көрген.
Сонынан қыздар еріп бір қалмайды,
— «Азырақ сөйлессеніз, қайтер екен?»

— Аяғез қарамаймын терегіне,
Қыз Баян үкі таққан желегіне.
Қодар мен тоқсан алып тұрған шакта,
Көбеген таз сендерге керегі не?

— Қодар ма еді Баянның ғашық жары?
Жолдас болған кісінің болмас ары.
Алыстан тоят алып ұшып келген,
Қанеки, жібек баулы ақ сұнқары?

— Не қылсам, табылады, бойымда еп,
Сиқырменен жүремін басымда кеп.
Таз кепті басындағы жұлып алды,
— Ендеше мен ақ сұнқар болайын, — деп,

Таз кепті жұлып алып бетін ашты,
Баян қыз қуанғаннан жаман састы.
Екеуі бірін бірі таныған соң,
Қуанып тұра сала құшақтасты.

Күшактап қанша тұрды кім біледі?
Екі қыз бір жыласып, бір күледі.
Ай мен күндей екеуін толықсытып,
Бұрандатып шеткі үйге ап жүреді.

Киімі Баян қыздың бәрі — жібек,
Алтын сырға, білеziк жаннан бөлек,
Үлде-булде, мамықтан төсектері,
Екі аpanың көnlі tіptі зерек.

Төсекте бүгін олар жатқан да жәк,
Бірін-бірі көрген соң болады ток.
Жиылды серілердің бәрі ойынға,
Ішінде Қозы, Баян жайнаған шоқ.

Баян айтты: «Қозыекем келдін» депті,
«Аман-есен қарағым көрдім» депті.
Есен-аман екеуі көріскен соң
Қайғының ішіндегі бәрі кетті.

Киімі Баян қыздың тиін болды,
Сол жерде бір келте жиын болды.
Сол қалжыңмен өткізіп таң атқан соң,
Кайта кебін кимегі қын болды.

— Кийіз кебіңізді, арланбаңыз,
Осылардан басқаға сыр берменіз,
Кішіліктен ешнэрсе кемімейді,
Андып жүрген дүшпан бар, еш сенбеніз.

Некелеп алар жарым деп жүріпті,
Андып жүрген дүшпан деп сак жүріпті.
Күндіз тазша, ол түнде Қозы болып,
Тым болмаса бір жылдан көп тұрыпты.

Іздеп жүріп Қозыекен тапты қайын,
Нені іздесе, тамаша бәрі дайын.
Баян мен Қозы Қөрпеш көnlі тынды,
Қодекенің айтайын енді жайын...

Қодекен жылқы жайып жүрер еді,
Ұялмай бұған қайтып қыз ереді.
«Жылқыдан көш ат бөліп айдал кел!» деп,
Қарекен ерте тұрып жібереді.

Жылқыда Қодар жүрген қосы бойлап,
Жүреді тоқсанымен күліп-ойнап,
«Қөшед» деп ертен ауыл хабар барса,
Көш атқа алпыс саяқ келген айдал.

Қодекен Бақа айғырмен зар желеді,
Мінезін Қодекенің халық көреді.
Арсанда, жылқыны айдал жетіп келді,
Тысқарда Қозы Қөрпеш кез келеді.

«Бері кел, тазша бойың қысқа» дейді,
«Адам жоқ сенен басқа тыста» дейді.
«Бұлғақтап қара жорға ұстаптайды,
Женғенің атын келіп ұста» дейді.

— Мен тазша, сен Қодарсың, ой ойлаймын.
Қыңырайыссан — қыңырайыс, бір
болмаймын.

Атын ұстап, шұнақ құл өзің жалын,
Ілгері Қуренменен қой айдайын!

— Қап-қап тазша, қап тазша, мен не етермін,
Бақа айғырға камшысын еңіретермін.

Киын жерде қысталан сөзің өтті,
Көш-жөнекей теперіш * көрсетермін!..

Көш келді, қыздар келді, Қодар келді:
Бұлқысып Бақа айғырмен желеді енді.
Уш қызға мактанды да келенсіз құл,
Тазшаның жауырнынан үстайды енді.

Козыекен сол арада ой ойлайды
Тартыспайын десе де, құл қоймайды.
Сүйретіп Бақа айғырдан жұлып алыш,
Қөтеріп Күреңкейге жүре алмайды.

— Тілесен тілегінді тәнрім берер;
Құданың қылғанына бенде көнер.
Тіршілікте, тазшеке-ау, ұмытпаймын,
Қоя берші, көштегі женгең көрер.

— Жапанда мықты болсаң, өнер баста,
Құдай қолға берген соң мықтап таста.
Мұнан басқа дәл сенің дүшпаның жок,
Шамаң келсе аяма, тым-ақ саспа!

Козыекен әр өнерді бастайды енді,
Көңіліне жамандықты қоспайды енді.
«Не етейін қанын жүктеп осы иттің» — деп,
Анадай жер лақтырып тастайды енді.

Басылып Қодар көңілі болды баяу,
Бір сүмдық көңіліне кірді қаяу.
Қарабай ерте көшіп, кеш қонады,
Келеді ұзак қунге Қодар жаяу.

* Теперіш — көресі.

Әр жерде Қодар шаршап отырады,
О дағы өз елінде батыр еді.

— Бері кел, қойынды айдал,
қасыма ер,— деп,
Козыекен Қарабайды шақырады.

— Қарабай шал, қартайған, бері келші,
Өзіне қас қылғанды досым деші,
Қойынды мен серкештеп өткізейін.

• • • • •
Қарабай, шақырған соң келді дейді,
Боларын бір сүмдықтың білді дейді,
Козыекемнің дегенін екі қылмай,
Амалсыз шақырған соң келді дейді.

— Қарабай, жәйлі қоныс қыста,— дейді,
Көңілінді сүймес асқа қыспа,— дейді.
Құрдымнан су аяғы қашқан итсін,
Құйрығын Бақа айғырдың үста! — дейді.

— Қарабай бармаймын деп қарыспайды,
Сөзбенен ерегісіп жарыспайды.
Қайратын Қозыекенің көргеннен соң,
Құйрығын Бақа айғырдың келе үстайды.

Үстатьп құйрығынан өрге жүзді,
Қарабай ғарып жаннан күдер үзді.
Жалдатып өрге жүріп келе жатса;
Байқамай бір жар тасты жаман сүзді.

Сейледі сонда Қозы қызға қарап,
Қор қылды Қарабайды итке балап.

— Атаң қошқар болған ба тас сүзед! — деп,
Алып келіп тастайды көзіне ұрып.

* Бұл жерде бірнеше жол түсіп қалған.

— Емін-еркін жапанда жүре алмадым,
Уайымсыз, қайғысыз тұра алмадым.
Су аяғы құрдымнан қашып едім,
Жақсының қасиетін біле алмадым!

— Экем жалғыз жапанда жүретүғын,
Қартайса да, ақ қайың мінетүғын.
Оналған соң тәнірі ұмытатын
Ыңқылдаса, ақылы кіретүған.

Козыекен құдайына сиынады,
Қайраты Козыекенің қызыға ұнады.
Бір көште екі ақмак бейнет көріп,
Қас қарада алды-арты жиылады.

Бас қосқан соң, сөйлейді екі ақмак,
Қарабай Қодарға айтты: «Малынды бақ!»
Сөзіне Қарабайдың бойы балқып,
Тантық Қодар жылқыға болды шықпак.

Қодар айтты: «Қарабай сөзіме ерсін,
Қодар батыр күйеуім мені дерсін.
Биылғы жыл жылқыға жұт болады,
Қайраты бар тазшаны маған берсін».

Кодардың осы сөзін Баян сынар,
Қызығына тойған жоқ күнде құмар.
— Қарағым, тілімді алсан, Қодарға ерме,
Ақылы жоқ, тантық құл жазым қылар.

Қодарсыз Қарабайдың көнілі күпті,
«Жылқыға тазша барса, қайтер» депті.
— Осы иттің тілін бір жол алайын деп,
Тәуекел бір сапарға еріп кетті.



Түйемойнақ, Жылытау айдал барды,
Коймаңырақтан жылқысын әрі апарды.
Арғы шеті сауыр мен Сойқал қалып,
Жылқыны қоя беріп, жатып алды.

Жылқыға тіпті жайлы Қодар маман,
Сырт дүшпан бата алмайды бұл бір қабан.
Қодекен шүйгітеді қайдағы отқа,
Жылқысы семіз шықты есен-аман.

Жапанда батыр Қодар ой ойлады,
Тарпаңды асауменен бір қоймайды.
Алты ай шығып, жаз шығып, қар кеткен соң,
Жылқыны елге таман қайта айдайды.

— Жолдастар, сөздерінді он көрейін,
Ауылға жылдам барып бір келейін.
Женгенді сағындым ғой жіберіндер,
Сендерге өрік, мейіз әкелейін.

Күнінде Бақа айғырмен Қодар салды,
Қостан шығып Аягөз елге барды.
Ауылға үш-ақ күндей еру қылып,
Тәртінші күн жылқыға қайта айдайды.

— Ебін тапқан екі асар, амалданған,
Тәнірім дәulet беріпті мұнша маған.
Жиырма жылқым өлді осы қыстан,
Қара малдың түп-түгел бәрі де аман.

— Ойласам, батыр Қодар сенсін дейді,
Жиырманың ол несін шығын дейді.
Мұндағы қара малым аман дейді.

Сен ұрып бір жүз қойым суға кетті.

Жапанда өншең жалшы қулық бастар,
Бірінің айтқан сөзін бірі қостар.

— Өзің барып жылқыны қайтарып кел,
Арық-шеру уақытта қырып тастар.

Қаңтарда қарыс жауған қардай болды,
Алты аттан сымбыл арқан нардай болды.
Жылы сөзді есітіп қайта салды,
«Өзің баршы» дегенге дардай болды.

Кодекен үстіп жүрер күндері өтіп,
Қарабай қойды мұны әуре етіп.
Баянды алмақ түгіл, көрген де жоқ,
Арсан қағып жылқыға келді жетіп.

— Қодеке-ау, есен барып тез келдің бе?
Женгемді күймедегі сен көрдің бе?
Кетіп ең дардай болып сен мактанып,
Қанеки өрік, мейіз әкелдің бе?

— Не қылсаң көңілінді енді сүйт,
Жемес астан бұл неме қылады үміт.
Дәл бір аяқ мейізді қойып еді,
Асығыс боп ауылда қалыпты ұмыт.

— Қодеке-ау, олай болса мен желейін,
Ел-жүртты сағындым ғой бір көрейін.
Киімім кірлеп кетті, жеңім тозық,
Кір-қоңымды жуғызып тез келейін.

* Осы арада бірнеше жол түсіп қалған.

— Барсаң барып келе ғой, барып қана,
Бір мықты атпен келе ғой, салып қана.
Уш күн жатып жегенім жарты мойын,
Аштан өліп қаласың тазша бала.

Кеше ғана кетіп ем, мен жолықпай,
Өрік, мейіз келе ғой алып қана!
Баянды көрген емес өзі барып,
Мактанып жүреді екен құр үйғарып.

Алты ай жүріп отарда батыр Қозы,
Сағынып ғашық жарын келді салып.
Айтайын ер Қозының келген жайын,
Қозыекен көп сағынған туған айын.

Кебін тастап Қозы боп күймеге енді,
Ойна алған нәрсенің бәрі дайын.
Уш қызбен қалжындастып отырғанда,
Айтады да, күледі Қодар жайын.

Мінгені Қозыекенің жүйрік Кер-ді,
Тоғыз, он күн күймеде қызық көрді.

— Карагым-ай, етің кірлеп кетіпті,— деп,
Ішінен торғын көйлек тігіп берді.

Қодар көрсе, қодандап ызындар деп,
Көйлегінің жағасын бүгіп берді.
Қозыекен тар күймеде ой ойлайды,
Ойын менен құлкіге бір тоймайды.
Тоғыз, он күн күймеде ойнап-құлсе,
Қарабай «Қайтпай ма?» деп ызындаиды.
Жылқыға ертең Қозы бармақ болды,
Баянның нұрын ойға алмақ болды.
Баян айтты: «қарагым, кешікпей кел!»
Осы сөзі Баянның салмақ болды.

Жұрген-тұрған баршасы ойдан шығып
Баянды көргеннен соң, көнілі толды.
Мінгені Қозыекеннің Керді дейді,
Кайраты мың кіслік ер-ді дейді.

Тоғыз, он күн Баянмен ойнап-куліп,
Ер Қозы жылқысына келді дейді.

— Мұндар таз, асауменен сен желдің бе?
Күймегі женгенді сен көрдің бе?
Он күн жатып шіреніп азар келдің,
Қанеки өрік, мейіз әкелдің бе?
— Салайық кел әнгіме десіп отыр,
Бір мейіз жан қалтадан жесіп отыр.

Кодекеме мейіз бер деп айтып ем,—
Кодарға құрт ала бар десіп отыр.
— Құрық салса, Бақа айрып бойлайтұғын,
Қоста жатып, Кодекен ойлайтұғын.

Кешегіде жолықпай кетіп едім,
Әзіл тастап женгеніз ойнайтұғын.
— Қыздардың келіспейді сізге түрі,
Сен дегенде, бәрінің күнкілдері,
Кодекеме мейіз бер деп айтып ем,
Адыра қалсын Кодарың! — деді бірі.

— Қарабай қайын атаң о да кәрі,
Тар күймеде Баян қызы, Кодар жары.
Айтса айтсын сүм тазша дәнeme емес,
Тұлпардың өз тұяғы бізге дәрі.
Қарабай қайын атан малын сойды,
Тарқады жамағаты дәмге тойды.

Қайын атан айтады саған сәлем:
Қысыр бөліп жылқыдан әкел! — дейді.
Той қылып, қымыз беріп елді жиып,
Баянды күйеуіне қосам! — дейді.

Қарабай қайын атаң сені мақтап,
Мініп жүр бедеуінді сен де баптап.
Марғау кетсін Кодарың тимеймін деп
С... н саған қойды қыздар сактап.

— Сүм тазша олай айтсам, бұлай дерсін,
Мінезін тіпті жаман, өзің керсін.
Айтқаныңың бәрі де бейне мазак,
Сен менен осы жерде таяқ жерсін!

— Кодеке-ау, тіпті жаман бұл мінезін,
Баянға түрленерлік келді кезің.
Қыздар да ғашық екен мінезіне,
Қасақана айтып ем қалжың сөзім.

— Олай болса тазшеке-ау, ой ойлайық,
Тарпаңды асау менен бір қоймалық.
Өзге жаман жанымды тындырмайды,
Екеуміз бие бөліп елге айдалық.

Мен күйеу ғой, тұрайын сонда қырын,
Сен білесің ағанның ішкі сырын.
Мен барғаным ауылға үят болар,
Желі тоқпақ, құрықпен әкел бұрын!

Қозыекен әр өнерді бастап келді,
Күндей желпіп Қүренді бостап келді.
«Осыған мен бір істі көрсетем!» деп,
Құрық, тоқпақ, желісін тастап келді.

Козының алтын жүзі жарқылдайды,
Тантық Қодар күнкілдең тарқылдайды.
— Құрығы жоқ, тоқпак жоқ, құр қол болып,
Мұны қайтып ұстар! — деп барқылдайды.

Козы мерген садақпен қу атады.
Жазым болса орнында су атады.
Желінің құлаш-құлаш қазығы бар,
Бармағымен басып-ақ зымыратады.

Козының қайратына жұрт таң қалды,
Қайраттанып, жылқыға жетіп барды.
Құйрығына қол тисе алып келіп,
Бар асауды көгендеп, тізіп салды.

Көрген соң Қодар мұны болды дертті,
Ала-бедеу байталмен келіп жетті.
Менің айтқан сөзімді кер салдың деп,
Келістіріп қақ басқа салып кетті.

— Мал бағар қысты күні малды кісі,
Балуанға түседі әлді кісі.
Су аяғы құрдымнан келген болса,
Құлдан таяқ жей ме екен жанды кісі?..

Козыекен мұны естіп жетіп барды,
Қодардың жауырнынан ұстап алды.
Қодар да аянбай-ақ тартысса да
Ала бедеу байталдан жұлып алды.

— Қап-қап, тазша, япым-ау, не еттім
тазша,
Жақсылығым басыма жетті, тазша!
Қодеке-ау, сен де ойнадың, мен де ойнадым?
Сенен артық Қодеке-ау нені ойнадым?

Бұзау тіспен кетіп ем тарсылдатып,
Улкен аға ойынымды көтерер деп.

Ойнап ем ашуланып соған неттің?
— Түбіме ойнаған бол әбден жеттің.
Әтірік айтсам, тазшеке-ау олда онбайын,
Кел қоя бер, бұтыма тышып кеттім.

Козыекен бір білінді өнер бастап,
Қодарды да қорқытты ерге жастап.
Тұңғиық қара суға ирім-ирім,
Қодарды Қозы кетті атып тастап.

Кор болды батыр Қодар мысы құрып,
Суға кетіп қалсын ба қарап тұрып.
Қарбаң-құрбаң алақтап бойы ұзын құл,
Суға кетпей шығады құлаш ұрып.

— Мынау да мықты ит екен ойға алалық,
Мұнымен табандасып не қылалық.
Аударыска қолында бар тәсілі;
Қатарлап он кетпендей оқ салалық...

Қатарлап он кетпендей алыш кепті,
Өншең батыр сауықшыл жиылады.
Бісміллә деп ер Қозы тартып еді,
Он кетпеннен қол оғын өткізеді.

Қодар тағы келеді сертке жетіп,
Оғын тізіп, бедеуін зар еңіретіп,
Мактанаң батыр Қодар тартып еді,
Тұрады бесеуінен азар өтіп.

— Ажалсыз бұл жалғанда жан өле ме?
Жиылған қайратымды жүрт көре ме?
Оқ атқанда, қолында бар тәсілі,
Күрескенде маған жан пар келе ме?

Қодарға күресуге Қозы барды,
Біле ме тантық Қодар ұят-арды?
Ең астына Қодарды салып қойып,
Бейне жүктей тоқсанды үйіп салды.

— Қап-қап тазша, қап тазша, не еттім тазша!
Жақсылығым басыма жетті тазша!
Коста отырып қымызды көп ішіп ем,
Бұтыма тышып-тышып кеттім тазша!

— Қодеке-ау, болған жоқ де жазық менен,
Өлді деп сен ант ұрған қайғы жемен!
Тышпақ түгіл антүрған құсып жібер,
Өз обалың өзіне, бәрі өзіннен.

— Сүм тазша сенің бейлің тар ма?
Көнілінде бұзық-бұзық ойың бар ма?
Сындырың қабырғамды мертіктіріп,
Коя бер тәңірі алғыр, тынышымды алма!

Кор boldы тоқсан бірі есі кетіп,
Құдай мұны қойды ғой тентіретіп.
Жылқы жайып не қылсын түзде жүріп,
Койына жүре берді өлеңдетіп!

Қозыекен көрінеді өнер бастап,
Қыздар да қуантады сөзін қостап.
Аяндан батыр Қозы жөнеледі,
Таудай қылып тоқсанын үйіп тастап.

Киратып батыр Қозы жөнеледі,
Алысқан майдан жері кемер еді.
Жауланып батыр Қозы келе жатса,
Алдынан сұлу Баян кез келеді.

— Баян-ау, менің айтқан сөзім тыңда,
Осы ма корықандарың, астапыралла?
Шақырды сені Қодар тез келсін деп,
Байғұстың қабырғасын барып сыла!

— Жазылар өзі Қодар біздер бармай,
Байғұсты қор қылдын ғой тілімді алмай.
Тірі тастап кеттін бе бишараны,
Сак бол жүр, ал қарағым қапы қалмай!

Сырты алтын, іші күміс оның үйі,
Күнде дәурен нे қылса келер күйі.

— Жеті күн жиын тарқар жиын бар,— деп,
Сауын айтты, сол елдін Сасан би.

Ол Сасан сауын айтып жарлық етті,
Елінде бір би еді қасиетті.
Асының айтқан күні болғаннан соң,
Басы Қодар, Карабай асқа кетті.

Аулында тірі жан жоқ қалды тазша,
Қозы Қерпеш болады кебін ашса.
«Аман бол» деп таз кепті жұлып тастап,
Күйеуін киіндірді бейне патша!

Ауылда тірі жан жоқ тазша қалды,
Басы Қодар түк қалмай асқа келді.
Он екі күн бүршакты төгілдіріп,
Күн жайлаташып асшыны қамап салды.

Ел көрді өзен болып аққан селді,
Қамады он екі күн тамам елді.
Ойнап-күліп Баянмен мауқын басты,
Елді сонда-ақ босатты күн ашылды.

Кызық көрді келгенше бір қаныбет *
Қодар қыздан қылады үлкен үміт,
«Малда тазшам бар еді тойғызам!» — деп
Тендер алған Қозыға екі қап ет.

Қодар сырттан биледі біткен малды,
Мұндай адам көрмессің бейілі тарды.
— Мал бакқан тазшам қайда, ет берем деп,
Келе сала ауылға айғай салды.

Дауыстап, айғай салып Қодар жүрді,
Ақмаққа Қозы менен Баян күлді.
Қозы менен Баянның жатқан жәйін,
Бір қатын кеп Қодарға естіртеді:

— Бекер-босқа жүресін, Қодар батыр жар-
жар,
Менің айтқан сөзімді, тында да түр жар-жар.
Ойлап тұрсам жүзінде, жоқ еken ар жар-жар,
Сен кеткелі он үш күн болып қалды жар-жар,
Күнде жиын, күнде ойын, рахат онда жар-
жар,
Беріп жатыр мырза боп, елге сиын жар-жар.
Қозы Қөрпеш жүр еken, тазша болып жар-
жар...

Қодекен естіп білді осы халды;
Іші күйіп, кәпірдің басы айналды.

* Қаныбет — ғанимат (олжа, табыс). Бұл жерде тамаша деген мәғнада.

Артын түйсе, қапталы быт-шыт болып,
Бармақ етін тісімен жұлып алды.

Қозыны көруге де бата алмайды,
Бағана келген асқа қайта салды.
— Қызыңды хан Қарабай жау алды! — деп,
«Суым бер» деп барды да аза салды.

— Отырған биім Сасан мені көрші!
Бұл не қылған құтырған адам деші!
— Сенің сүнн батпақта қалмап па еді,
Не қылайын бар-дағы ала берші!

— Отырсын, биім Сасан, малың сойып,
Тарқады жамағатың дәмге тойып,
Бұл несі, Қарабайдың мазағы ма?
Ал кетемін елінді қырып-жойып!

— Жарқынам, осы елдегі сен бір ерсін,
Шақырып қырық қатын-қыз алып келсін.
Оны шақырып, аракты біз берелік.
Білмей ішіп, аракты улап өлсін.

Қозымен алыса алмай дауласасын,
Асықсан, жай белгілі құр қаласын.
Елтеп-септеп Қозыны өлтірген сон,
Таласар саған жан жоқ, қызды аласын.

Елі жүр бұл Қодарды қорқып, мақтап,
Қасына келген емес сырттан жақтап.
Сасан би, елі болып, ақылдасып,
Қозыны шақырады амал сақтап!

Шақыра қырық үш қатын келеді деп!
Қатынның жөнін білмей Қозы кепті.
— Ақсақалдар шақырады сені тойға
Күйеу жан бармағаның болмайды — деп *.

Баян айтты: — Ал қалқам, қапыл қалма,
Бұларды дос болар деп ойына алма,
Ептең-септеп ниеті өлтірмекте,
Қауіпсіз үйлеріне тіпті барма!

— Баянжан, жақсы айтасың, сөзің майда,
Ұрғашылық қыласың осындайда.
Болжаусыз жан, мезгілсіз таң атпайды,
Қырық мылтықтың аузына мені байла.

Тура ажалым келмесе бір құдайдан,
Періштелер қорғайды, өлім қайда?
«Қозы қорқып келмеді топқа» деген,
Маған жақсы емес қой оны да ойла.

Тәуекел бір сапарға мен барайын,
Жаман-жақсы болса да іс құдайда!
Осы елдің не қылғанын мен көрейін,
Не табылар бос жатып бекер жайда!!!

Шақырып қырық үш қатын барған дейді,
Соларды көріп тұрсын халқым дейді.
Ай мен күндей екеуін көргеннен соң,
Айран-асыр, таң-тамаша болған дейді

* Бұл арада қалған сөздер бар.

Киімді өншең асыл кигізеді,*
Көзімен жарқылдастып жүргізеді.
Жиылған тамам жаңнан шоқтығы асып,
Құшактап Баян беттен сүйгізеді.
Ай, Таңсық арасына Баян келді,
Іштегі қорқынышын білдіреді...

Қарабай жиып алған қауым елді,
Қас қылып өлтірем деп мұндағы ерді.
Осының не қылғанын көрейін деп,
Артынан екі апасы ере келді.

Жиылған бұл халықты көзі көрді,
— Тәуекел, көрейін деп, келіп едім.
Жиылған ак ордаға жамағат көп,
Ассалаумагалейкүм, сәлем бердім.

Қозының бұл келгені жүртқа ұнады,
Қыздар да біліп келді осы жайды.
— Күйеу жанның қолына аяқ бер деп,
Аракты әр біреуі ұсынады.

Қозы да шаттанады осы сөзге,
Екі mestі тауысты көрер көзге.
Жайылды көп ішкен соң өне бойға,
Көгеріп түсі кетіп болады өзге.

Қыздар да андып келген бүған еріп,
Қозының ессіздігін көзі көріп.
Не қылса Қозыменен бірге өлмек боп,
Ақ үйге Ай, Таңсық та келді кіріп.

* Бұл да шала жол.

Бірігіп тамам ақмак мұны қуды,
Өлтірем деп, сапырып берген уды.
— Бір соғыспай өлдің ғой сүм жалғыз! —
деп,

Бетіне бүркіп жіберді сұық суды.
Козы сонда сандалар іші күйіп,
Жақсылық қылар жан жоқ құдай иіп.
Қыздар келіп салқын суды бүріккен соң
Алады батыр Козы есін жиып.

Козының атын бір қыз дайын етті,
Күренге ырғып мініп Козы кетті.
Ыра төмен аузынан у төгіліп,
Күренінің жалы жидіп қолға кепті.

Ер Козы жапан түзде жөнеледі;
Өзі батыр болмаса келер ме еді?
Әлсіреп арақ ішіп келе жатса,
Алдынан сұлу Баян кез келеді.

— Айтпадым ба, тіпті осы ел сізге ел емес,
Бұл сізді өлтірем деп қылған кеңес.
Мені алып қайт, қарағым, тұра еліңе,
Енді саған жабылар, тыныштық бермес.

— Қөрмеймісін, келемін болып дергіті,
Аяқтатпай кетпеспін айтқан сертті.
Бір аулаққа шығып ап оңалайын,
Қызығыма қарап тұр сонда депті!

— Балталы, Бағаналы жерін қайда?
Бақалы, балдырганды көлің қайда?
Әділ айтып дүшпанмен тенестірер,
Батыр Тайлак сұқылды биң қайда?
Қарағым, аман күнде елінді тап,

Арманда бол кетерсін осында! —
Бір өзіннен басқаның бәрі де жау,
Қайтып тірі жүресің, мұны да ойла!
Енді маған қоқақтар аламын деп,
Кайда барсан ала кет мені қойма.
Байқашы, жан жағына көз жіберіп,
Уш қыздан басқа сізге жан үнай ма?

— Білемін, сұлу Баян, маған елсін,
Сенімен қайрысыз жан ойнап құлсін.
Қазан бузар, үй тентек толып жатыр,
Қайратымды бар дүспан, алыс білсін!
Оңалып ап келейін соғысуға,
Қайратымды көп неме көзі қөрсін.
Егер де қазам жетіп өліп кетсем,
Ең болмаса артқы жұрт айта жүрсін!

Ер Козы уайымсыз жалғыз тұрып,
Көз жасы Баян қыздың бетін жуып.
— Өзі мас, жығылар деп есендіреп,
Басы Қодар жабылып келді куып.

Басында өлтірем деп кеңес етті,
Осынша Қарабайға Козы не етті?
Жабылған тамам жанның ең алдында,
Ала бедеу байталмен Қодар жетті.

— Сен келдің адырайып мақтанған бол,
Құзғынға жем қылайын басынды деп:
Осынша қыр соңымнан бір қалмадың,
Қай жеріңнен атсам да обалың жоқ.

Саралай, сай кез оқты еңіретті,
Тасыр құлдың зәресі үшып кетті.

Күрекмен көлденендең тартып көтсе,
Ала бедеу байталы құлап түсті.

Қозының өзі жалғыз, қайласы көп,
Корықпайды жалғызын деп уайым жеп.
Кодарды атып тастай жөнеледі,
Бәлем, бұл, тұрмастай ғып мықтадым! деп.

Жатады батыр Кодар құдай атып,
Баянға күл сейлеспес жауап катып.
Қозының қарасы үзіліп кеткеннен соң,
Байталға қайта мінді жатып-жатып.

Мініп алып, байталға қайраттанды,
Не ғылам қыздан аяп шыбын жанды.
Әлгі аткан оқ өтіпті қара саннан,
Келе жатып қансырап есін таңды.
Есін жиып айтады: қашқын кашты,
Қызды алам деп ел-жүртқа азап салды.

Алады батыр Кодар елді жиып,
Қозыны өлтірем деп басын қып.
— Осы балтам кесті ғой шапқаннан соң,
Деп алады балтасынан сүйіп-сүйіп.

Қарабай қайры жок жиган малды,
Жан біткенді аузымен Кодар алды.
«Қашқын кашты, Баянды енді алам!» деп,
Барды да қалған жүртқа азап салды.

Сонда тоқсан осыған көнеміз бе,
Осының зорлығымен өлеміз бе?
Бәріміз де жүріп ек Баян үшін,
Япыр-ай, бір соғыспай береміз бе?

Десті де Кодармен жамандасты,
Бәрі бірдей Кодармен сабаласты.
Басына темір шоқпар қатты тиіп;
Сол топтан Қесемсары шыға қашты.

Ер Қесем жапан түзге жөнеледі,
Кайраты Қозыекемнің кемел еді.
Әлсіреп, айдалада қаңғып жүрсе,
Қозыға бір бұлакта кез келеді.

— Далада не ғып жүрсін Қесемсары?!

— Сен кеткен соң қоқиды бізге Кодар,
Көнілін балап жүрген жүзге Кодар,
Баянды аламын деп азап салды.
Бата алмай қашып жүріп сізге Кодар.

Бәріміз Баян үшін жаннан кештік,
Ұрысуға береміз «Ehe» дестік...
Баянды аламын деп ел жиган соң,
Тоқсанымыз бірігіп тәбелестік.

Бәріміз де ұрыстан кеттік қашып,
Басында бірігіп ек ақылдасып.
Темір шоқпар өзіме қатты тиіп,
Есенгіреп мен кеттім шыға қашып.

— Мен кеткен соң сендерді женген екен,
Өлмесіне көнілі сенген екен.
Ұрып жығып, киратып кетіп едім,
Сірә тәнірім тілегін берген екен!

Екі батыр жапанда бас қосады,
Бұрынғы өткен егесті тастасады.

Бірі өлсе, бірі жанын қыямыз деп
Екеуі уағыдамен достасады.

— Япрым-ай, Баян өлмей жүре ме екен?
Мен жоқта о да ойнап, куле ме екен?
Бар екен бір ағашта жалғыз бұлак,
Екеуі сол ағашты қылды мекен!

Үйінде Баян қалды «а» күдайлап,
Көсем мен Қозы жатыр күліп-ойнап.
«Қай жерді мекен қылды біліп кел!» деп,
Жіберді сұлу Баян бір қызды айдал.

Қозыны бір қыз ізден кетті салып,
Бұлактан алды тауып өліп-талып.
Құтылғанын Қөсеммен көзі көріп,
Баянға қайта келді хабар алып.

Күнде бір қыз келеді тезек теріп,
Баян сонан жіберер тамак беріп.
Осы қыздың жүрісін кәдік көріп,
Бір жау катын жүреді сонына еріп.
Шок теректе сөйлескен қызды көріп,
Бұл көргенін Қодарға айтып беріп.

Қодар естіп, ауылға шауып келді,
Қарабай елі-жұртын жиып берді.
Қойдан қошқар, жылқыдан айғыр айтып,
Ізден Баян артынан о да желді.
Шок теректің түбінде үйқтап жатқан,
Біреуді тантық Қодар көзі көрді.

Мактандып батыр Қодар келген естіп,
Өстіп жүріп өтеді күні кешіп.

Жақындаپ кеп, садақпен тартып қалды,
Қарамастан алады басын кесіп.

Көсем батыр сол жерде қаза талты,
Колында балтасы бар ырғай сапты.
— Қозының басы міне, өлтірдім деп,
Ауылға тантық Қодар қайта шапты.

Артынан Баян жүріп тез келеді,
Және бір тыңдайтын сөз келеді.
Зар жылап Баян сонда келе жатса,
Алдынан хан Қарекен кез келеді.

— Экем деп көзім талды саған қарай,
Сақтадым үят-арды мен де талай.
Ел болып кетіп едің өлтірем деп,
Жалғыздың жары құдай, жайы қалай?

— Жалғанда осы Қодар ер-ді,— дейді,
Тілеуін антүрғаның берді,— дейді.
Шок теректің түбінде атып апты,
Өз көзіммен көргем жок өлді,— дейді...

— Жылама, жалғыз балам, мен көрейін,
Жаман менен жақсыны тең көрейін.
Қодар құлды жек көрсөн, жамансынсан
Елден тандап, жігітке мен берейін.

— Емін-еркін жапанда жүрген емен,
Бір Қозыдан басқаны көрген емен.
Елден бура жиып ап шөгеретін,
Мүйіз көк термешелі інген емен.

Мактапып, тантық Кодар желіп келді,
Сонынан тамам елі ере келді.
— Ал байынның басы деп, бақты қара!
Бір басты алып, алдына тастай берді.

Қозының басы емесін біліп алды,
Мырс етіп ішін тартып күліп алды,
Тастан кетсем бұл танып, тағы іздер деп,
Куанып жерден басты жұлып алды.

Баян кетті, етекке басты салып,
Козы өлсе не боламын тірі қалып.
Таңертен қуған екен бір тұлкіні,
Күренмен Козы келді соғып алды.

Козыны ит Карабай әуре еткен.
Баянға қосылғалы көп күн өткен.
Таңертен бір тұлкінің ізін көріп,
Бір тауға соны қуып Козы кеткен.

Тұлкіні алып келді тауды кешіп;
Тұзден құдай көп берген бұған несіп.
Көсемнің қеудесі бар, келдесі жоқ,
Әкеткен Кодар мұның басын кесіп.

Тұлкіні келген екен соғып алып,
«Бұл досымды өлтірген Кодар құл деп,
Сол жерде зар жылайды ойбай салып,
Құдай-ау, мен сорлының жолын қыл» — деп.

«Кеше сені дос қылып сүйдім» дейді,
«Достығың дара болып күйдім» дейді.
«Алайын тірі болсам достың құнын,
Сен үшін шыбын жаным қидым» дейді.

Ер Козы достық үшін көп қамықты,
Корықпайды тірі жаннан өзі мықты.
Кодарды мен көрейін өлтірген деп,
Аңыратып бір белеске келіп шықты.

Белден шықса көреді жиылған ел,
Жанын қызып достына ағызып сел.
«Кодарды бір аулакта қез келтір», — деп
Жүгіртіп, келді жетіп Қозыекен ер.

Құдайым ер Қозыға дем береді,
Жас бала қайласы жоқ тым ер еді.
Қызды алам деп Кодарың шауып жүрсе,
Әредікте Қозыға кез келеді.

Сол күндегі жандардан Қозы мықты;
Кодар көріп қаша алмай көп үйлікты.
«Әй бәлем сенің ызаң өтті ғой» деп,
Дәлдеп тұрып қеудеден атып жықты.

Ер Козы жалпақ елге кетті асығып,
Сол арада өлтірді басын кесіп.
Жиылған елге кірді айғай салып,
Қанжығаға байладап ап ернін тесіп.

Кодардың қанжығада басын көріп,
Берелік деп шулады «уәде» десіп.
Козыны өлді ғой деп жүрген жандар,
Көрген соң енді мұны кетті шошып.

Ел-жүрті жанынан қылды қауіп,
Елінен Баян үшін келген ауып.
Өзге жүртқа көз салып қарамайды,

Қарабайды таба алмай жүрді шауып,
Күр құдықта Қарекен бұғып жатыр,
Қарап жүріп Қозыекен алды тауып.

Ешбір жан бетке қарап бата алмайды,
Қылыштап өне бойын жарапайды.
Ағашқа таңып қойып ел көрсін деп,
Кескілеп итке салды Қарабайды.

Ер Қозы ел қыруға оңтайланды,
«Көсем үшін қырам деп тірі жанды».
Өзге жанда үрей жоқ «сабыр қыл»,— деп,
Уш қыз келіп, Қозыны ұстасады...

Баян келіп токтатып мауқын басар,
Ол болмаса бұл елдің қанын шашар.
Тар күймеде Баян қыз бір үл тапқан,
Көрген жан демейтіндей оны да осал.

Баян қыз жаны тынды жарына еріп,
Ешкімге қарамайды бойына елеп.
Баласы туғаннан сон, уш күн өтіп
Қозыекен қойған екен атын Құліп.

Жүрегі Баян қыздың лұпілдеген,
Сіз үшін көп қайғыны тарттым деген.
Көрсетпей тірі жанға асыраған,
Қозы мен қыздан басқа жан білмеген.


Келген екен баласы тоғыз жасқа
Қозыдан айырмассын ол баланы.
Уш қыз бен бала келіп тоқтатады,
Ол елді қырмақ еді одан басқа.

Қозы Қөрпеш үйіне салт барыпты,
Қайтып келіп, жіберді ер Құліпті.
Өз орнына ер Құліп түрдү сонда,
Қозының қылған ісі осы депті.

Ақ Баян ол Қозының сүйген досы,
Қозының ерлікпенен қылғаны осы.
Енді риза бол, жиылған жамағаттар,
Айтуынша Бисембай аяғы осы...



Кыз Жібек



халайық, жарандар!
Тындал құлақ салыңыз,
Аз әңгіме қозғайын
Келгенінше қаліміз.
Зекетсіз болса пайда жоқ
Қасықтап жиған малыңыз.
Кыз Жібекті тынданыз,
Замандас, еркек, үрғашы,
Ақсақалды шалыңыз...
Кыз Жібектің сезіне
Енді әбден қаныңыз...
Ал, тынданыз, жарандар!
Өзге сөзді қоялық,
Кыз Жібектен сөз қозғап,
Қызығына тоялық,
Сыры түскен жерлерін
Жаңғыртып қайта боялық,

Сөз дүженін құрган сон,
Тамақ керек әр кімге
Бір тоқтыны соялық,

Кешегі өткен заманда,
Дін, мұсылман аманда,
Кіші жүздің ішінде,
Жағалбайлы елі бар.
Жағалбайлының мекені —
Ақ теніз деген көлі бар.
Жаз жайлауын сұрасаң
Қара теніз жағасы
Ұлан, Жәмбіл белі бар,
Жағалбайлы елінде
Базарбай атты байы бар.
Байлығын оның сұрасаң.
Өлшеу қылып айтуға
Есеп жетпес жайы бар.
Байлығында өлшеу жоқ
Жеті жүз түйе жүгі екен
Ділдәсі менен жамбысы.
Мың түйеге жүк тағы да
Қант пенен шайы бар.
Аяқты малда есеп жоқ,
Айдалып бағып жайылар.

Сол байда үш қатын бар, тоғыз үлды
Есепсіз тәнірі берген сонша пұлды.
Еліне оба келген бір кеселден
Бірі қалмай тоғыз үл бәрі де өлді.

Тоғыз үл ажал жетіп бәрі де өлді,
Ашумен алты қатын тағы да алды,

Базарбай сексен жасқа келген шақта
Тауыпты кіші қатын бір үфылды.

Оны тапқан қатыны қырық төрт жаста,
Бала жоқ өзгесінде мұнан басқа,
Періште сипатты бір ұл берді құдай
Жүргенде көзі толып қанды жасқа.

Төлеген деп, қойыпты ұлдың атын,
Құдай артық жаратқан оның затын,
Баланы сипат қылып айтып болмас
Көрген жан ақылынан бір танатын.

Базарбай баласына көңілі тойды,
Қайғының ішіндегі бәрін жойды,
Тоғыз жылда артынан бір ұл туып,
Жүрт жиын Сансызбай деп атын қойды.

Жүріпті екеуіне қалың бермей,
Дұспанның әр не деген тіліне ермей.
«Тірі жүрсе өздері алар бір қызы,
Өліп қалса, күйігін тары көрмей»

Алса да патша қызын малым жетер,
Менікін жаратпаса сәнім кетер,
Күйікті қатты тартып жүрген басым,
Жазым болса күйермін онан бетер.

Төлеген сонда он екі жасқа келді,
Қыз ізден аралады тамам елді,
Он алты жасқа шейін қызы жаратпай
Ат жетер жерді арылтып тамам қылды.

Еліне бір сәудегер келді — дейді,
Бұлардың әбден жайын білді — дейді,
Дүниекор Базарбайдай көрмедім деп,
Сәудегер мазақ қылып күлді — дейді.

Бұл малды бекер жиып керегі не?
Берменгі ұлының қалың біреуіне,
Көзінің ағы менен қарасындей
Артында жанға мирас, малға ие тіреу не?

Сонда біреу айтады оның жайын:
— Бақ, дәулет берген артық бар құдайым,
Ел жүрттан қызы жаратпай жүр Төлеген,
Малын аяп жүрген жоқ Базарбайың.

Сәудегер мұны есітіп ойға қалды,
Шақырып Төлегенді қасына алды.
— Сұлу қызы таппай жүрсөн айталақ — деп,
Бұлай деп Төлегенге ақыл салды.

— Қызы жақпай өз еліңнен жүрсө саған,
Төлеген сүйінші бер енді маған,
Елі бар Ақжайықта Алты Шекті
Аласың жақсы қызды барсаң соған.

Жайықта Қызы сұлу артық ел бар,
Ерінбей қызы іздесен сен соған бар.
Шетінен-ақ аласыз бір сұлуды,
Болмаған мұнда тұрып қатерің тар.

Төлеген қызы іздеуге көңілі кетті,
Жолы бар неше күндік оның деп-ті?
Сәудегер айтты жолын жүз күндік деп,
Төлеген іздемекке талап етті.

Төлеген он жетіге келген шағы,
Аз емес бір тәнірінің берген бағы,
Шөлі бар дейді сәудегер қырық құншілік
Төте жол жетпіс құншілік болса дағы.

Онымен журе алмайсын барғанменен,
Өлесін жолда шөлдеп арманменен,
Жүр деді алыссынбай су жағалап,
«Әр қашан бардың ісі пәрменменен».

Төлеген Ақжайыққа жүрмек болды,
Тәнірінің жазған ісін көрмек болды,
Басшы болып сол елді тапқан жанға
Жұз жамбы сүйіншігे бермек болды.

Жаратты бір қара көк тұлпар атты,
Өзі жорға жануар құс қанатты,
Тұрманының барлығын алтындарып
Күміспенен төрт аяғын тағалатты.

Шам-шырак, тас орнатты жүген, ерге,
Басшы, қосшы жұз жігіт алды бірге,
Тоғыз нарға алтын мен күміс артып,
Бес жігіт тағы алды қызметкерге.

Ерлерге жәрдем болсын бір құдайы,
Қырық түйе болды азық қант пен шайы,
Азық-тұлік барлығын даярлап ап,
Жөнелді туғаннан соң Наурыз айы.

Алқисса, тыңданыздар ендігісін
Алдына бір керемет келді мұсін.
Базарбайдың Төлеген,

Ерте туған көбеген,
Сексен жігіт қоңы алып,
Он бес жігіт басшы алып,
Ақжайыққа жөнеген.
Айдың өткен нешесі,
Ай қараңғы кешесі,
Падишадан кем емес,
Ер Төлеген мүшесі.
Эулиеге ат айтып,
Корасанға қой айтып,
Шыбын жанға жан айтып,
Артынан қуып келіпті
Өлгенде көрген шешесі.
Шешесі келіп сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Мінгенде атың аласын,
Менен туған баласын,
Халел бала тастай ма?
Атасы менен анасын.
Қал дегенде, қаласын!
Айтқан тілді аласын!
Қал дегенде қалмасаң,
Айтқан тілді алмасаң,
Құрттың ананың шарасын.
Өлгенде көрген қарагым,
Ата-анаңды зарлатып
Қай жаққа кетіп барасын?
Анаң келді зарланып,
Әкең отыр сандалып,
Көре алмаған көп дүспан
Сыртыңнан келер қамданып.
Сен кеткен соң қарагым,
Өледі кемпір, шалыңыз,

Сансызбай болса жас еді
Жүреміз кімге алданып?
Төлеген сонда сөйлейді:
— Кой, шеше-еке, жылама,
Жылағаның бола ма?
Бекер, босқа шеше еке-ау,
Көзіннің жасын бұлама.
Жиырмаға келгенше,
Маған қалың бермеген,
Тен құрбымдай көрмеген,
Күм құйылсын көзіне,
Осы екен сізге сыбаға.
Шешесі сонда сөйлейді,
Сейлегенде бүй дейді:
— Келгін, балам, қайт-сана,
Әкеңе сырың айт-сана,
Патша қызын алсан да
Өз елінде жат-сана,
Біреудің тілі тимей ме?
Қартайған әкен Базарбай
Сенің үшін құймей ме?
Ел ішінде тентек көп,
Жиһан кезіп жургенде,
Тентіреген демей ме?
Ата-анасын зарлатып
Бір қыз үшін кетті деп,
Дос-дұшпаның күлмей ме?
Төлеген сонда сөйлейді:
— Айналайын шешеке-ау.
Тай құнан қой қанғырып,
Бұралқы болар қораға.
Бір сұлу алмай шешеке-ау
Сірәда көnlім тына ма?

Талап қылған ісінен
Ат басын ерлер бұра ма?
Жаман, жақсы болса да
Алланың болар әмірі,
Өз айтқаның бола ма?
Тілімді алмай кеттің деп;
Фамкүн¹ болып жылама!
Мен Жайықтан келгенше,
Жүзінді аман көргенше,
Тапсырдым ата-анамды
Жаратқан кадір құдайға.
Анасы сонда сөйлейді:
— «Өлкенің көркі тал болар,
Өзеннің көркі жар болар,
Жігіттің көркі мал болар».
Малың болса, қарағым,
Қара басың хан болар,
Алуа ашап, іштің бал,
Жая шайнаң, жедің жал,
Кетер болсан, қарағым,
Жылқыдан тандап қырық жорға ал.
Сансызбай болса жас еді,
Сен кеткен сон, қарағым,
Сүйеніп кімге күн елтер
Артында қалған кемпір, шал?
Төлеген сонда сөйлейді,
Сейлегенде бүй дейді:
— Мінгендеге атым аламын,
Сенен туған баламын,
Көңіліме тусіп бір хиял
Сапар шегіп барамын.

¹ Фамкүн (ғамгин, парсы сезі) — қамкөңіл болу.

Алла насып айдаса,
Бір сұлуды аламын
Алла насып қымаса;
Ендігі сөздің қысқасы
Мекеге таман барамын.

Әлкисса, онда анасы ойлады, менің балам бұл сапардан
қайтпайын деп талап қылған екен. Бұған ризалық батамды бе-
ріп жіберейін деп: аллаға, екінші әнбия, әулиелерге тапсырып
мінәжат қылғаны:

Анасы ғарып жылайды,
Жылайды да толғайды.
Қой десе де баласы
Оған сірә болмайды.
Бір сұлу қыз алмай Төлеген,
Дүниеге көнілі толмайды.
Шешесі сонда сөйлейді:
Аһ, дедім, құдая,
Дарғаһына¹ бас үрдым,
Сөзді-сөзге әпкеліп,
Күйгенімнен жapsырдым.
Кетер болсан қарағым,
Әуелі құдай мен сені,
Қеміл пірге тапсырдым.
Қөл егесі, Қамбар-ау,
Шөл егесі, Қамбар-ау,
Қарағыма көз сал-ау.
Рахым қылсан құдая
Сенен өзге кім бар-ау?

Фашықтардың пірі едін
Ләйлі-Мәжнүн саруар-ау.¹
Фашықтардың саруары
Зылиха-Жүсіп пайғамбар,
Әйелдің пірі Биби Пәтима
Баламды сізге тапсырдым.
Адасса жолға салып жүр,
Сүрінсе қолдап алып жүр,
Пәлекет келсе қағып жүр,
Қосақтаң қойдай бағып жүр.
Бір ғашықтың дертінен
Қарағым менің нағып жүр?
Хазірет ер Сұлтан
Рақым қылып Сіз тұрсаң
Баба тұкті шашты Әзиз
Баламды сізге тапсырдым.

Әлкисса, бұл сөзді айтып анасы қайтып кетті. Онда Төле-
ген қасындағы жігіттерге айтты:

— А намның маған не айтқанын білдіңіздер ме? — деді.
Жігіттер айтты:

— Ешнәрсе білмедік,— деп, Жауап қайтарды. Төлеген
айтты:

— Мен кірекеш емеспін, болмаса көп жігіттер ертіп ба-
тын жортуылышы болмасам, мұным жарамайды екен, «жылқы-
дан жорға ал»¹ — деді рой,— деп, ол жерге тоқтап қайтып келіп,
жылқыдан екі жұз елу жорға алып, бірнеше күн жол жүріп,
Шекті деген елге келіп, шатырды тігіп, жорғаларын жайып са-
лып, жүртқа жар салды.

— Эркім жақсы қызы болса әпкеліп көрсетсін, өзі әпкеліп
көрсеткен адамға қызын алсам да беремін бір жорға, алмасам

¹ Дарагаңы (арапша) — есіктің мандайшасы.

¹ Саруар (арапша) — басшысы.

да беремін бір жорға,— дегенін. Жұрт есітіп қыздарын жиып келіп көрсетті. Бір жорғадан келген қыздар алып қайта берді. Ешбірін жаратпады, бірнеше күнде екі жұз он қыз көрді, екі жұз он жорға берді. Сонда қасындағы сексен жігіт ойлап кенесті:

— Бұл Төлеген малды бекер ысарап қылды, ендігі келген қыздарды өзіміз көрелік, жаһаннан асқан сұлу қыз болса, Төлегенге көрсетелік, болмаса, Төлегенді білмейміз,— деп, жасырып көрсетпелік, қалған қырық жорға біткен соң Төлеген біздердің астымыздағы атымызды да берер, онаң соң жаяу қалып, елден жүген алып, ат іздеңіміз жарамас,— деп, келген қыздарды даладан қайтарды.

Онда Төлеген:

— Бұл елдің қыздары сұлу деген сәудегер шал бекер айткан екен,— деді.

Сол уақытта Алты Шекті елінің ханы Сырлыбай деген бар еді, ол ханның алты ұлы бар еді, және ханның ең кенжесі Жібек сұлу деген жалғыз қызы бар еді, және ханның Қаршыға жыршы деген ақын — уәзірі бар еді, ол Қаршыға сенімді болған соң ханның тоғыз мың жылқысы бар еді, жылқыны отарға шығарып, Қаршығаны жылқышылардың басы қылыш қойған еді. Сол Қаршыға Төлегенді есітіп бармақ болды, Қаршыға ойлады: — мен Төлегенді көрейін, Төлеген маған жақса, Қыз Жібек те жактырар,— дейді. Мұны ойлап бір бедеу атты алдырып мініп, Төлегенді ізделеп келеді.

Отарда жатқан Қаршыға
Бір бедеуге мінеді,
Алладан пәрмен тіледі,
Ойпан жерден орғытып,
Жарлау жерден ырғытып,
Тегіс жерден сырғытып,
Аяндамай желеді.

Сексен жігіт елшіге
Салып жетіп келеді,
Келіп сөйлей береді:
Асуда асу бел дейді,
Аса бір соққан жел дейді,
Сексен жігіт ішінде,
Базарбайдың баласы
Төлеген мырза кім? — дейді.
Басыр басыр басырды,
Аққа құлпы жасылды,
Сексен жігіт ал сонда
Төлегенді жасырды.

— Мінгенде атың дөненді,
Қекке тойған көбенді,
Біз білмейміз Қаршыеке-ау
Төлеген мырза дегенді.

Сонда Қаршыға бұлардан жол болсын сұрап айтқаны:

— Ассалаумағалейкүм көп жігіттер,
Сайланған бәрің бірдей бек жігіттер.
Сайланып шыға қапсыз тобыңызben,
Сөйлей тұр сөзің болса, ей, жігіттер!

— Келеміз елімізден біз жолаушы,
Бет алып шықкан жерім Қекбояушы,
Үйірін қысырактың жауға алдырып,
Келеміз сұрау салып біз сұраушы.

— Күн көріп жүруші едім өнерменен,
Төтелеп келдім сізге кемерменен,
Көрдім де қараларың жанай шаптым,
Баласы Базарбайдың дегенменен.

— Келіпсіз бізді көріп қарамызға,
Жауапқа жауап таппай қаламыз ба?